

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 30 (9607) 1955 жылғы 12 февраль Сенбі Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тыйын.

ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

1955 жылғы 10 февральда Қазақстан КП облыстық комитетінің пленумы болды.

Пленум ұйымдастыру мәселесін қарады. Қазақ-

стан КП облыстық комитетінің екінші секретары және бюро мүшесі болып К. З. Подгорбунский жолдас сайланды.

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ МӘЖЛІСТЕРІ

Халықаралық жағдай және ССРО Үкметінің сыртқы саясаты туралы

ССРО Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары және Сыртқы істер министрі депутат В. М. МОЛОТОВТЫҢ баяндамасы

I. Халықаралық жағдайдағы өзгерістер

Депутат жолдастар!
Дүниежүзілік екінші соғыс аяқталған кезден бері он жыл өтті. Егер қазіргі жағдайды соғысқа дейінгі жағдаймен салыстыратын болсақ, халықаралық жағдайда болған өзгерістер көзір, бұрынғы қай кездегіден болса да, айқын анықталып отыр.

Дүниежүзілік екінші соғысқа дейін Совет Одағы капиталистік елдердің қоршауында отырған бірден-бір ғана социалистік мемлекет болды. Ширек ғасырдан аса уақыт бойы жағдай дәл осылай болып келді.

Соғыстан кейін жағдай түбегеймен өзгерді деп айтуға болады.

ССРО туралы және капиталистік қоршау туралы ендігі жерде соғысқа дейін айтылып келгендей мағынада айтуға болмайды. Бұлай деу—бүкіл халықаралық жағдайда болған аса маңызды өзгерістерді елемендік немесе, ең боларғанда, жете бағаламағандық болар еді. Ал осын бері жағынан, сан жағынан ғана емес, сонымен бірге сапа жағынан да өзгерістер болды.

Жұртқа мәлім, Россияны революциялық жолмен советтік социалистік мемлекет етіп қайта құру дүниежүзілік бірінші соғыстың аса маңызды қорытындысы болды. Дүниежүзілік бірінші және екінші соғыстар аралығындағы дәуірде біздің еліміз өзінің социалистік экономикасын өсіруде, социалистік мәдениетті өркендетуде зор табыстарға жетті. Соғыстың қарсаңындағы дәуірдің өзінде-ақ біздің елімізде социализм жеңді, бірақ ССРО халықаралық оқинаулаудан тек дүниежүзілік екінші соғыстан кейінде ғана шықты.

Дүниежүзілік екінші соғыстың аса маңызды қорытындысы—дүниежүзілік капиталистік лагермен қатар—ССРО бастаған, ал дұрысырақ айтқанда, Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы бастаған социализм мен демократияның дүниежүзілік лагерінің құрылғандығы болды. (Ұзақ, ду қолшапалақтау).

Жаңа лагердің құрылуы фашизмді талқандау, капитализмнің дүниежүзілік позицияларын әлсірету және демократиялық қозғалысты бұрын болып көрмеген дәрежеде өрістеу нәтижесінде мүмкін болды. Жұртқа мәлім, осы халықаралық оқиғаларда біздің еліміз, совет халқы және оның қаһарман Армиясы шешуші роль атқарды. (Қолшапалақтау).

Қазіргі уақытта Совет Одағы соғысқа дейін болғандағыдай халықаралық жағдайда енді тұрған жоқ. ССРО ендігі жерде дүние жүзіндегі бірден-бір ғана социалистік мемлекет емес. ССРО-ны халықаралық оқинаулау енді келмеске кетті.

Капиталистік лагермен қатар социализм мен демократия лагері құрылды, ол мына мемлекеттерді: Советтік Социалистік Республикалар Одағын, Қытай Халық Республикасын,

елеулі кемшіліктері бола тұрса да, дегенмен жаңа, демократиялық құрылысты ұдайы нығайтып, өз халықтарының мәдениеті мен әл-ауқатын жаңа, бұрынғыдан да жоғары сатыға көтере отырып, сеніммен алға басып келеді.

Азияда да жаңа жағдай туып отыр. Азиядағы халқы, шамамен, 1 миллиард 400 миллион адамға жетеді, мұның өзі бүкіл жер шарындағы халықтың жартысынан көбірек болады. Бәзір Азия да халықтың жартысынан сәл кемі халықтық демократия елдерінде өмір сүруде, бұл елдер капитализм лагерінен шығып, социализм орнатуды өздеріне мақсат етіп қойды.

Мынаны айтсақ та жеткілікті: тіпті таяудағы уақытқа дейін жарытпай отарлы ел болып, империалистік державаларға тәуелді ауыр жағдайда болып келген және өз мемлекет территориясының бірлігін қамтамасыз ететін мүмкіндігі болмай келген Қытайдың нақ өзі кәзір біртұтас ұлы мемлекетке бірігіп, өзінің ұлттық мәдениеті мен экономикасын жан-жақты өрге бастыру жолына түсті. Ең тамашасы сол, мұның өзі қытай мемлекетінің басынылығына Коммунистік партия келген кезден бастап қана мүмкін болды. (Қолшапалақтау). Қытай халқының кәзіргі кең тараған әндерінің бірінде былай деп айтылып отырғаны тегін емес:

«Коммунистер біздерге жеңіс жолын нұсқауда
Коммунистер болмаса, болмас еді Қытай да» (Қолшапалақтау).

Шынында, осы фактілер және Корея мен Вьетнамда жасала бастаған терең мағналы өзгерістер Азияда болған түбірлі өзгерістерді дәлелден отырған жоқ па? Шынында, осының бәрі Азияда соғыстан кейінгі дәуірде аса зор тарихи маңызы бар революциялық өзгерістер болғанын көрсетіп отырған жоқ па?

Бірақ, Азияда болған өзгерістер жоғарыда аталған елдермен ғана тіпті де бітпейді.

Ендігі жерде отар Индияның жоқ екендігінің, мұның орнына Индия республикасының өмір сүріп отырғандығының тарихи зор маңызы бар. Бұл—Азияда соғыстан кейін болған дамуды сыйбаттайтын оқиғалардағы маңызды бетбұрыс. Халықтар арасында бейбітшілік пен достықты шығайту ісіндегі жаңа, маңызды фактор ретіндегі Индияның халықаралық беделі барған сайын артып келеді.

Индиямен қатар Индонезия, сондай-ақ Бирма да отарлық тәртіпті лақтырып тастады. Ал Навистан да, Цейлон да, Азияның басқа халықтары да пұын мәнісіндегі ұлттық бостандық пен экономикалық жағынан көркеюге жеткізетін өз жолын табады деп үміттенеміз. (Қолшапалақтау).

Апрельде, яғни енді екі айдан кейін, Бадунг қаласында (Индонезия) Азия мен Африка елдерінің конференциясы өткізілуде тиіс, бұл конференцияға 30-ға жуық азиялық

алға басып келеді. Бұл әлде кімдерге мейлі ұнасын, мейлі ұнамасын, бірақ, фактілер осындай.

Жоғарыда көрсетілген негізгі оқиғалардың экономикалық нәтижесі барлығын қамтыған, біртұтас дүниежүзілік рыноктың ыдырағандығы болып табылады. Жұртқа мәлім, біртұтас дүниежүзілік бұл рынок ендігі жерде өмір сүріп отырған жоқ. Кәзір бір-біріне қарама-қарсы тұрған, дүниежүзілік екі рынок қатар өмір сүріп отыр.

Сонымен, дүниежүзілік екінші соғыстан кейін қалыптасқан екі түрлі саяси лагердің өздеріне сай келетін экономикалық негізі де бар. Осының бәрі дүниежүзілік екінші соғыс кезінде және соның нәтижесінде басталған капитализмнің жалпы кризисінің жаңа кезеңін айқын көрсетеді. Бұл жаңа кезең капитализмнің жалпы кризисінің мықтал терендей түсуінен көрсетеді.

Дүниежүзілік жағдайда болған тарихи өзгерістердің фактілерімен санаспауға болмайды деп ойлауға болатын еді. Бірақ іс жүзінде, әрдайым бұлай болып тұрмайды.

Капитализм халық бұқарасының күшті тегеуінен кейін шегінуге мәжбүр болды, халық бұқарасы бірқатар тұтас мемлекеттерде помещиктер мен капиталистерді құлатып, өкмет басына өз адамдарын—жұмысшы табы мен шаруалардың, қалалық және селолық демократияның өкілдерін қойды. Бірақ, империализм елдеріндегі үстем таптар туып отырған жағдаймен санасқысы келмейді. Мұның, ең алдымен, Америка Құрама Штаттарына қатысы бар, мұнда мемлекет осы елде қожалық етуші миллионерлер мен миллиардерлердің қолында отыр. Әлбетте Англияда да көз басқа империалистік елдерді де капитал шонжарлары Америкадағы шонжарлардың да көздегеніндей мақсат көздеп отыр.

Ал олардың нені тілеп отырғанын түсіну қиын емес. Олар капитализм бұғауларынан құтылып шыққан барлық елдерді кейін шегіндіріп, капитализмді өктемдігіне қайта түсіргісі келеді. Мұның өзі кәзіргі уақытта империалистік мемлекеттер және, атын айтқанда, Америка Құрама Штаттары, Англия сияқты және басқа елдер жүргізіп отырған сыртқы саясаттың өзімен де дәлелденіп отыр.

Мысалы, АҚШ билеуші топтарының жұмысшылар мен шаруалар жеңіп шыққан, еңбекшілердің өздері өкмет басына отырған елдерді «азат ету» дейтінді, міне дәл осыны өздерінің сыртқы саяси бағытының басты мақсаттары деп ашықтан-ашық жариялап отырғанын көру қиын емес. Олар тіпті осындай, айтуға тұрмайтын «азат ету» бұл елдердің «капиталистік жұмсақ», немесе, олардың әдетте айтып отырғанындай, «еркін дүниеге» қайтып оралғандығы болады-мыс деп елсіруде. Ал олар қанаушы мырзалар өздерін «еркін» сезінетін және үстем таптар еңбекшілерді «еркін», тура «шегіне жеткізе» қалай алғанын капиталистік системаны босындай «еркін дүние» деп санап отыр.

айтқанда, «большевизмді ұрысында тұншықтыруды» көздеген ойын бүгінгі күнге дейін үсті-үстіне жаңадан қайтадан айтуда. (Залда қозғалыс).

Оның осы тақырыптағы мәлімдемелерінің ішінде 1954 жылғы 28 июньде Вашингтондағы «Ұлттық баспасөз клубында» жасалған бір мәлімдемесі міне мынадай: «Менің өзім бүкіл өмірім бойы шынында да осыған (коммунизмге) қарсы күрес жүргізіп келген көрнекті адамдардың бірі болдым деп сіздерді сендіремін. Егер мені 1919 жылы ойдағыдай қолдаған болса, онда, менің ойымша, біз коммунизмді өзінің бесігінде тұншықтыра алатын едік. Бірақ барлығы да қолдарын сермен: «қандай масқаралық» дегенді айтты».

Тіпті 1954 жылы, яғни біздің еліміздегі Социалистік Революцияның жеңісінен кейін осыншалық көп жылдар өткенде, Черчилль коммунизмді «өзінің бесігінде» тұншықтыру туралы айтудан тәрі ақылға сыйымды басқа ешнәрсе де таба алмай отыр, ал оның бержалығында ол енді сәл кешігін қалған сияқты. (Күлкі, қолшапалақтау).

Шынында: «жұрт базардан келе жатса, Назар базарға бара жатыр» дегеннің кейі болып отыр. (Күлкі, қолшапалақтау).

Кәзір біз бұл сияқты антисоветтік байымдаулардың бишаралық екендігін мысқылдан, күлкі алуға да қарсы емеспіз. Бірақ, біз ағырт болмауымыз керек: коммунистер, барлық совет адамдары сияқты, империалистердің сүйсіненшілігі мен тілектестігіне үміт артпауға тиіс.

Черчилльдің сөздері өткен дәуірге зарыққан қыялға толы. Оған жаңаның бәрі жат, сондықтан Ұлы Октябрь Социалистік Революциясы жеңген кезден басталған және халықтардың жұмысшы табы мен барлық еңбекшілерді шын мәнісінде азат ету жолындағы, буржуазиялық-помещиктік езупшіліктен азат ету жолындағы ұлы қозғалысына айналған жаңаның, бәріне ол мүлде дұшпандықпен қарайды. (Қолшапалақтау).

Черчилль міне 38 жылдан бері социалистік құрылыс қай жерде жарық дүниеге келсе де, оны құлатуға шақырып, осы жаңа құрылысты «өзінің бесігінде» «түншықтыру» қажет екенін айтып, зор қақсап келеді. Ол бір ғана мақсаты—толық, яғни дүниежүзілік үстемдікті көксізген барлық империалистердің көкейтесті ойларын білдіріп отыр.

Бірақ мұны қалай істеуге болады екен, өйткені халықтардың өздері кәзірдей-ақ өздеріне басқа жолды таңдап алып, капитализмнен арасын батып үзіп, социализм мен халықтық демократия жолына түсіп отыр ғой.

Міне бұл сұрақтың жауабы американдық, сондай-ақ ағылшын империализмі жариялап отырған сыртқы саяси бағыт—«күш жұмсау тұрғысынан жүргізілетін» саясат болып табылады. Ең агрессивті капиталистік топтардың үмітін білдіре отырып, бұл елдердегі билеу-төстемшілер

Герман Демократиялық Республикасын, Венгер Халық Республикасын, Румын Халық Республикасын, Болгар Халық Республикасын, Азбаи Халық Республикасын, Борей Халық-Демократиялық Республикасын, Монгол Халық Республикасын, Вьетнам Демократиялық Республикасын біріктіріп отыр.

Мен атап өткен мемлекеттер өздерін өркендетудің әртүрлі сатыларында, өздерінде әлеуметтік өзгерістер жасаудың әртүрлі сатыларында тұрғанын өз білеміз. Социалистік қоғамның негіздері орнатылып болған Совет Одағымен қатар, социализмге жету бағытында тек алғашқы, бірақ өте маңызды қадамдар жасап отырған халықтық-демократиялық елдер де бар.

Бірақ, демократиялық лагердегі барлық елдер үшін шешуші факт өкмет билігі помещиктер мен капиталистердің қолында отырған империалистік системадан бұл елдердің біржолата құтылып шыққандығы болып табылады. Бұл елдер өздеріне жаңа жолды тандап алып, өздерінің терең мағналы демократиялық және социалистік өзгерістерін ойдағыдай жүзеге асыра бастады, бұл елдер осы бүкіл жаңа, ұлы құрылыс үшін бейбітшілік пен хауісіздікті қамтамасыз етуге ұмтылып отыр.

Мұның мүмкін болған себебі сол, мұнда жұмысшылар мен шаруалар барлық еңбекшілермен және демократияшыл күштермен бірге жұмысшы табының жалпы басшылығымен берік саяси одақ құрды. Барлық еңбекшілерді біріктірген жұмысшылар мен шаруалардың дәл осы революциялық одағы помещиктік шаруашылықты жоюға және жерді шаруаларға беруге мүмкіндік тудырды, сонымен қатар фабрикалардың, заводтардың, темір жолдардың, банкілердің жапалаң шын мәнісіндегі демократиялық мемлекеттік өкметтің қолына көшіріп қамтамасыз етті.

Капитализмнің бұғаулары кезір бір жерде ғана емес, қайта зор көлемді майданда талқандалып отыр. 1917 жылы өзінің жеңіліс социалистік революциясын жасаған біздің еліміздің ізінше, капитализм дүниежүзілік екінші соғыстың нәтижесінде басқа да бірсыпыра мемлекеттерде де жеңіліске ұшырады.

Капиталдың езушілігінен құтылған халықтардың күш жігерімен қамтамасыз етілген жаңа, халықтық-демократиялық типтегі елдердің табыстары фашистік агрессорларды талқандаған Совет Армиясының жеңісіне де, сондай-ақ бұл елдердің социализмге жету бағытында жазып жатқан саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістерінде Совет Одағының ұдайы қалтырсыз қолдауына сүйеніп отыр. Ал кезіргі уақытта, ауыр индустрияның жоғары дәрежеде өркендеуі және, сонымен бірге, бүкіл өнеркәсіп пен социалистік ауыл шаруашылығының ұдайы өрлеуі өз қуатының негізі болып табылатын ССРО-ның бүкіл маңызы мен айрықша ролі күшті болып отырғанын өзінде, социалистік лагердегі елдер сонымен қатар бір-бірін өзара қолдауына да барған сайын көбірек сүйенуде.

Дүниежүзілік жағдайда болған өзгерістерге байланысты қоғамдық системалар арасындағы күштердің ара салмағы, әсіресе соңғы он жылдың ішінде, социализмнің пайдасына қарай айқын өзгеріп отырғаны мүлде табиғи нәрсе.

Шынында кезіргі Еуропа соғысқа дейінгі Еуропаға ұқсай ма? Мұнда соңғы дүниежүзілік соғыстың нәтижесінде болған орасан зор өзгерістерді жәрмей өте шығуға бола ма? Шынында, Совет Одағымен бірге басқа да бірсыпыра мемлекеттердің де капиталистік жолдан батыл шығып, социалистік өрлеу және қайта жаңару жолына түскені және бұл елдердің бірде-бірінгі кейін қарай, капитализмге қарай кері барғысы келмейтіні объективтілікпен және туралылықпен баһымдай алатын адамдарға айқын емес пе екен? Ал егер нақты деректерді анықтап қарайтын болсақ, онда Еуропа-ның барлық, шамамен 600 миллион, халқынан жартысына жуығы, 300 миллионнан сәл кемі, кезіргі өзінде социализм мен демократия лагеріне берік еніп отырғанын көреміз. Демек, кезіргі біз көріп отырған Еуропа соғысқа дейінгі Еуропаға тиіті де ұқсамайды.

Кезіргі, жаңа Еуропада социалистік лагердегі елдердің позициялары, капиталистік лагердегі елдердің позицияларынан бірде-бір әлсіз емес. Ал бұдан да гөрі маңыздысы сол, біздің социалистік лагеріміздегі елдер, өз құрылысында көптеген қиыншылықтарға кездесіп және

және зарықталып елдер қатысады деп күтіліп отыр. Мұндай конференция шақыру фактісінің өзі соңғы уақытта Азияда болған қолайлы өзгерістердің қандай зор өкөңдігін көрсетеді.

Сонымен қатар Талу және Орта Шығыста болған өзгерістер де аз емес.

Біз, мысалы, арабтық Шығыс елдерінде ұлт-азаттық қозғалыс кезір мұның өзі Азияның бірқатар тұтас мемлекеттерінде болып отырғанындай күшті және сондай көлемде өрістеп отыр деп айта алмаймыз. Мұндағы мемлекеттер, әсіресе жер қойнауында мұнай байлықтары көп мемлекеттер әлі күнге дейін «батыс» елдері дейіндерге тәуелді болған ауыр жағдайда отыр, ал «батыс» елдері жергілікті мұнай және басқа табиғат байлықтарын өз қолдарына басып алды. Кейде былай да болып жүр: бұл жерлерде үкметтердің құрылуы және ауыстырылуы тек американа немесе ағылшын мұнай компанияларының және басқа шетелдік капиталистік компаниялардың еркімен жүргізіледі. Бірақ ұлт-азаттық қозғалысы мұнда да ұдайы өрістеп келеді.

Африка халықтарының көпшілігі әлі де отарлық езушілік жағдайында өмір сүруде. Бірақ, Африка халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын, мұны Африка территорияларын басып алған империалистік мемлекеттердің әлі күнге дейін істеп отырғанындай, енді көп кешікпей оңайшылықпен басып-түшіншіқтыруға болмайтыны мүлде айқын.

Солтүстік және Оңтүстік Америка Еуропа мен Азияның халықтары ойдағыдай алға басып отырған тарихи үлкен жолдан әлі күнге дейін шет қалып отыр деп айтушылар болуы мүмкін. Бірақ солтүстік американа империализмді Американы дүниенің басқа бөлектерінен бөліп тастағысы келетін бұл «темір қоршау» кейбіреулердің ойлағанындай, тіпті де берік емес. Ал капиталистік монополистердің «темір өкшесіне» үміт артудан да ешнәрсе шықпайды, бұл монополистердің езушілік үстемдігі туралы атақты американа жазушысы Джек Лондон бұдан тіпті жарты ғасыр бұрын соншалық әсерлі және соншалық қайғылы сезіммен жазған болатын. Ол Америка халықтарының шын мәнісіндегі прогреске жету және капитализмнің бұғауларынан азат етілу жолында қандай зор қиыншылықтармен алға баса алатынын сезген болатын.

Қайткенмен де, егер дүниежүзілік екінші соғыстан кейінгі дәуір туралы айтатын болсақ, онда американа континентінде болған өзгерістердің нақ өзі әзірше бәрінен гөрі аз байқалып отыр, ал оның берік жағында халықтар өмірінің терең қойнауында өрістеп келе жатқан прогрестік ағымдардың маңызы бұл континентте де күннен-күнге көбірек сезіледі. Мұндай жағдай американдық «темір қоршаудың» беріктігін емес және капиталистік монополистер жұмысшыларды, сондай-ақ шаруаларды да түшіншіқтырып келген «темір өкшесіне» ерекше сенімділігін емес, қайта Американың өзінің саяси дамуындағы артта қалушылығын жоюына тура келіп отырғанын және оның кейбір басқа елдердегі саяси өмірдің дамуын әлі қуып жетуіне тура келетінін көрсетіп отыр.

Кезіргі халықаралық жағдайлы тұтас алып, соғысқа дейінгі жағдаймен салыстырсақ, біз соңғы 10—15 жылдың ішінде қандай маңызды өзгерістер болғанын көріп отырмыз. Бұл өзгерістерге біздер ақынбейміз де.

Сонымен, кезіргі халықаралық жағдайлы тұтасымен бағалау үшін кезір негізгі дүниежүзілік күштердің ара салмағы қалай қалыптасып отырғандығының зор маңызы бар. Бірақ соның өзінде болған оқиғалардың маңызын, сондай-ақ оқылғалардың қандай бағытта дамып отырғанын әсірелеп көрсетуге де, кемітіп көрсетуге де болмайды. Әңгіменің тарихи үлкен дәуір жайында, бұл дәуірден бүгін таңға дейін тек 37 жылдан сәл ғана артық уақыт өткені жайында болып отырғанын да ешқандай жағдайда ұмытуға болмайды.

Соғысқа дейінгі дәуірмен салыстырғанда капитализмнің, капиталистік топтардың позициялары мықтап нашарлағанын бекер деуге бола ма? Жоқ, болмайды. Сонымен қатар бұл өзгерістердің социализм пайдасына, демократиялық және социалистік күштердің пайдасына жасалғаны да айқын. (Қолшапалақтау).

Дүниежүзілік екінші соғыстың қорытындысында дүниежүзілік капиталистік системаның жалпы кризисі оған өрі тереңдей түсті. Мұның өзі дүниежүзілік капиталистік лагерімен қатар басқа, дүниежүзілік жаңа лагердің құрылуынан айқын көрінді. Демократиялық лагер орнап, бұл лагер ССРО-ның бастауымен социализм орнату жолымен

өздерінің халықтық-демократиялық елдері жұмысшылар мен шаруалардың революциялық одағы құрған мемлекеттік өкметтен «азат еткісі» және бұл елдерде өздеріне ұнайтын адамдарды қойғысы келеді, яғни бұл елдерде соғыстан кейін орнаған жаңа социалистік және демократиялық тәртіптерді құлатып, өздерінің жүрегіне соншалықты жылы көрінісін капитализм тәртібін, еңбекшілерді қанау тәртібін, капиталистер мен помещиктердің үстемдік тәртібін бұл елдерге қайтадан таңып бергісі келеді.

Олар бұл әрекетті, өздерінің ойлап отырғанындай, өз агентурасы бәрінен бұрын белсенді әрекет жасай алатын елдерден бастағысы келеді. Мұндай әрекеттің, мысалы, 1953 жылғы 17 июльде Берлинде жасалғаны жұртқа мәлім. Бірақ бұл әрекеттің масқара болып шүйрегендігі де барлық жұртқа мәлім. Мұның өзі империализмнің агрессияшыл топтарына сабақ бола алатын еді, бірақ мұндай авантюраларды насихаттау тоқтатылмай келеді.

Агрессияшыл империалистік топтардың араны және олардың реакцияшыл қараниет қылдары тек халықтық демократия елдерімен ғана тыныш отырған жоқ. Олардың біздің ілімізді де кейін қарай, капитализмге қарай кері бұрғысы келеді.

Олар бұл туралы ашықтан-ашық онша ікі айтып отырған жоқ, бірақ дегенмен де айтып жүр.

Мысалы, кезіргі уақытта империализмнің ең көрнекті идеологтерінің бірі деп орындап саналып отырған Черчилль мырзаның қандай сөздер айтпауа дейін барып отырғанын тындап көріңіздер. Ол, өзінің айтуына, «бүкіл өмір бойы» тастамай отырған, әбден мезі болған белгілі бір ойын, атап

II. Халықаралық саясаттағы екі бағыт

Совет Одағы да, сондай-ақ социалистік лагердегі басқа елдер де, халықтардың жеңіп алған позицияларын табындылықпен және сеніммен қорғай отырып, бұл позицияларды барған сайын нығайта түсуге және өздерінің социалистік құрылысының тыныштық, бейбітшілік жағдайына қамтамасыз етуге күш салып келеді. Демократия мен социализм лагері — бұл бейбітшілік лагері. Сондықтан оны әдетте бейбітшіліктің, демократияның және социализмнің лагері деп те атайды.

Бейбітшілік пен социализмнің мүдделерін қорғай отырып, Совет Одағы өзінің сыртқы саясатында халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдетуді жақтап келеді.

Совет Одағымен бірге халықаралық шиеленісті бәсеңдетуді көздеген бұл сыртқы саяси бағыты демократиялық лагердегі барлық елдер де жақтап келеді.

Совет Одағының бейбітшіл сыртқы саяси бағытына Америка Құрама Штаттарының сыртқы саяси бағыты қарама-қарсы қойылып, бұл бағыт «күш жұмсау тұрғысынан жүргізілетін» саясаттан айқын көрініп отыр. Американа сыртқы саяси бағытының агрессияшыл сыйпағы мүлде айқын.

Ал халық бұқарасының халықаралық өмірде болып жатқан істерге белсене ынта қойып отырғандығына тандануға бола ма?

Сан миллиондаған адамдар оқылғалардың қандай бағытта дамып отырғанын: оқылғалардың бейбітшілікті нығайту бағытында немесе, мұның керісінше, жаңа соғыс хауінін күшейту бағытында дамып отырғанын зер салып қадағалауда. Халықтың тағдырына қатты зардабын тигізетін, соншалық ауыр қайғы мен азаптарға ұшырататын соғыстан басқа ешнәрсе де жоқ. Егер адамзат жаңа соғыстың түпсіз тұңғышына ұшыратылатын болса, бұл соғыстың зардаптары, тіпті халықтардың сансыз көп материалдық құрбандықтарға ұшырағанын айтпағанын өзінде, көп миллиондаған адамдарды өмірден алып кеткен дүниежүзілік екінші соғыстың зардаптарымен салыстырған күнде де бұдан анағұрлым өлшеусіз ауыр болатындығы кімге болса да айқын.

Халықаралық өмірдің оқылғаларында Совет Одағы ерекше орын алып отыр.

Совет Одағы, жеңген социализм елі, бейбітшілік үшін, соғыс өртіп тұтандырушыларға қарсы белсене күресу ісінде құрметті орынға ие болып отыр. Біздің заманымызда Совет Одағы халықтар арасында бейбітшілік пен достықты нығайтудың басты тірегіне айналды. (Ду қолшапалақтау).

Совет Одағының, сондай-ақ Қытай Халық Республикасы мен барлық халықтық демократия елдерінің күштері нығайтып бірге және барлық басқа елдерде бейбітшілік жолын

өздерінің оқылғаларымен әлі де санасқысы келмейді. Халықтардың өз тағдырын өздері шешетін правосы бар екенін, демек, халықтар өскі дүниеден баспауға, капиталистік тәртіптерді жойып, өздерінің жаңа, социалистік тәртіптерін орнатуға правосы бар екенін агрессияшыл топтардың мойындағысы келмейді.

Агрессияшыл империалистік топтар басқаша айлайды. Олар халықтардың капитализм бұғауларынан азат етілуге ұмтылған талаптарының заңдылығын мойындағысы келмей, бүкіл дүние жүзінде капитализмнің үстемдігін қалпына келтіруге күш салуды көздеуде. Мысалы, Америка Құрама Штаттарының сыртқы саяси бағыты — бүкіл дүние жүзінде империализмнің үстемдігін қалпына келтіруді көздейтін бағыт, социализмді құлатуды көздейтін халықтық демократия елдеріндегі еңбекшілердің өкметін құлатуды көздейтін бағыт дәл осыдан туып отыр.

Дәл осы бақыттар АҚШ-тың агрессияшыл сыртқы саясатына дем беріп отыр. Бұл саясаттың мәнісі дүниежүзілік жаңа соғысты — империализмнің дүниежүзілік үстемдігін қалпына келтіру жолындағы соғысты әзірлегендік қана болады, оның басқаша мәні жоқ.

Мұның бәрі мынаны көрсетеді: жаңаның бәрі өскіге қарсы кескілескен күрес жағдайында туады, ал социализм қай елде болса да империализмді, лақтырып тастап, империализм мен оның агентурасының қарсыласуын жойғанда ғана жеңіске жете алатын.

Соңғы жылдарда болған негізгі оқылғалардың сыйпағын анықтайтын соғыстан кейінгі халықаралық жағдай міне осындай.

дағы қозғалыстың зор көлемде өрістеуімен бірге, бейбітшілік ісі халықтардың өз қолдарында екенін, халықтар күшін аямай жұмсаған күнде жаңа соғысқа жол бермей, бейбітшілікті қорғай алатынын, ал қажет болған жағдайда, бейбітшілік ісін ақырына дейін мейлінше батыл қорғайтын түсініген сезім халықтардың санасында арта түсуде. (Ұзақ қолшапалақтау).

Совет Одағы бейбітшілік күштерін шығайтуды және халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдетуге көмектесуді өзінің басты міндеті деп санап отыр.

Совет сыртқы саясатының бұл бағыты бейбітшілікті қолдау және нығайту мүдделеріне анағұрлым зор дәрежеде сай келеді. Бұл бағыт, сонымен бірге соғыс өртіп тұтандырушылардың — іс жүзінде дүниежүзілік үшінші соғыс әзірлеу саясатына барған сайын айналып отырған «күшке» үміт артушы империалистік күштердің агрессиялық жоспарлары мен арам-ойларын өшкерелеу ісіне қызмет етеді.

Бүгін таңда бір-біріне қарама-қарсы сыртқы саясаттың екі түрлі бағыты арасында күрес жүргізілуде.

ССРО сыртқы саясатының бейбітшіл бағыты демократиялық лагерде және барлық елдердегі халықтың демократияшыл топтары арасында барған сайын күшті қосталып отырған болса, АҚШ сыртқы саясатының агрессиялық бағыты үсті-үстіне жаңа агрессияшыл блоктар мен топтар құруға сүйеніп, бұл бағыт күннен күнге атомдық соғысты ашықтан-ашық насихаттаудан және әзірлеуден айқын көрініп отыр.

Мұнымен бірге экономикалық жағынан негізінен капиталистік системамен байланысты, ал халықаралық қатынастар мәселелерінде бейбітшілікті қолдау және халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге қамқорлық жасап отырған елдер де бар. Мұндай талаптарды нығайтудың маңызы өскенін және бағалауға тиіті де болмайды.

Халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету саясаты дегеніміз не?

Мұны бәрінен де гөрі фактілерден айқын көруге болады. Мысал үшін өткен жылға қатысты бар оқылғаларды, сондай-ақ бүгін таңдағы оқылғаларды алып көрейік.

Совет Одағының талап етуі бойынша 1954 жылғы январьдың аяғында және февральдың бірінші жартысында Франция, Англия, АҚШ және ССРО Сыртқы істер министрлерінің қатысуымен Берлин кеңесі өткізілді.

Бұл кеңесте біз халықаралық қатынастарды едәуір бәсеңдетуге көмектесе алатындай қарарлар қабылдауға күш салдық. Біз Батыс Германияда милитаризмді қалпына келтіру-

В. М. Молотов жолдастың баяндамасының жалғасы

(Басы 1-бетте)

ге бағытталған жоспарларды төрт мемлекеттің түгелімен бағыт айықтауын талап еттік, сонымен қатар қару-жарақты жашай азайту жөнінде Бүкіл дүниежүзілік конференция шақыру туралы мәселені Берлин кеңесінің алға бастыруына күш салдық. Құрама Штаттардың, Англияның және Францияның өкілдері бұл мәселеде бізге қосылмады.

Сөлай бола тұрса да, Берлин кеңесі маңызды, нәтижелі рөл атқарды.

Берлин кеңесінің маңызы ең алдымен мынада: бесжылдық үзілістен кейін ұлы державалардың халықаралық жаңа кенестеріне негіз қаланды, міне мұның пісуі жеткен халықаралық проблемаларды реттеу үшін зор маңызы бар. Ал басқа кеңесті, кейіннен Женевада болған кеңесті шақыру туралы Берлинде қабылданған қарарға келетін болсақ, бұл қарардың өзінің жақсы нәтижелерін бергені жұртқа мәлім.

Женева кеңесіне Франциямен, Англиямен, Америка Құрама Штаттарымен және Совет Одағымен қатар Қытай Халық Республикасының да қатысқаны, сондай-ақ Корея мен Индо-Қытай мәселелерін реттеуге мүдделі болып отырған елдердің өкілдері де қатысқаны жұртқа мәлім. Егер, Америка Құрама Штаттарының қарсыласуына қарамастан, бес ұлы державаның бәрі, соның ішінде Қытай Халық Республикасы қатысқан Женева кеңесін шақыру туралы қарар қабылдау Берлин кеңесінің табысы болған болса, Женевадағы кеңесте жол жеткен жақсы нәтижелер Қытайдың бұл кеңеске қатысуының қаншалықты қажет болғанын дәлелден берді.

Женева кеңесі өзінің міндетін толық орындаған жоқ, өйткені ол корей мәселесін шешуді ілгері бастырмай жок. Бірақ бұл кеңесте сегіз жыл бойы созылған Вьетнамдағы соғысты тоқтату туралы, сонымен қатар Лаос пен Камбоджадағы соғыс қайшылықтарын тоқтату туралы келісімге қол жетті. Келісімдерге жету, ең алдымен, Вьетнам халқының өзінің бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігі жолында жүргізген қанжырлық күресі арқасында мүмкін болды. Бұл күрес, сонымен бірге, басқа халықтардың белсенді тілектестігі мен қолдауына сүйенді. Осының бәрі Женева кеңесінде белгілі дәрежеде танылды.

Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы келісімге жетуге жол бермеуге Құрама Штаттар тарапынан ашықтан-ашық әрекеттер жасалды. Мемлекеттік секретарь Даллес қана емес, сонымен бірге АҚШ вице-президенті Никсон да, «күш көрсету саясатының» қасарысқан жақтаушылары болғандықтан, соғысты аяқтауға емес және Вьетнам халқының заңды талаптарын қанағаттандыруға емес, қайта соғысты оған әрі созуға және Индо-Қытайдағы ұлт-азаттық қозғалысын қару жумсау жолымен басып-түпшіқтыруға ашықтан-ашық күш салды. Олар бұл соғысқа, Францияның үстіне, Құрама Штаттарды да, Англияны да қатыстыруды көздеп, Вьетнам халқына қарсы соғысты «интернационалдастыру» жоспарларын қабылдауға әрекет жасады, сөйтіп Женевада келісімге жетуге қайткен күнде де жол бермеуге тырысып бақты.

Өңгіме тіпті мынаған дейін барды: АҚШ мемлекеттік секретары Даллес Индо-Қытай мәселесін талқылауға тіпті қатысқысы келмей, қыр көрсеткен пішімен Женевадан кетіп қалды. Бірақ, Құрама Штаттар өзінің агрессияшылдығын айқын көрсеткенмен, ешқандай нәтижеге жете алмай, оқшауланған жағдайда қалды.

Женева кеңесінің нәтижелері агрессияшыл күштердің жеңілгені деп және, сонымен бірге, бейбітшіл күштердің елеулі жеңісі деп бағаланды. Сөйтіп, Женева кеңесі халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге және бейбітшілік жолын нығайтуға көмектесті.

Бірақ АҚШ агрессияшыл топтары тыныш отырғысы келмеді.

Женева кеңесі аяқталысымен-ақ, АҚШ мемлекеттік секретары Даллес Мангилада (Филиппин) өзінің конференциясын шақырды. Бұл конференция Женева кеңесінің қарарларын

лық қатынаста шиеленісті күшейтуге бастаса, ССРО-ның позициясы мұнда да халықаралық шиеленісті бәсеңдету мүдделеріне сай келін, Құйыр Шығыста бейбітшілікті нығайтуға бағытталып отыр.

Өлбетте, біз белгілі бір мемлекеттің, белгілі бір халықтың бостандығы мен ұлттық праволарына нұқсан келтіріп, біртіндеп жою есебінен емес, мемлекеттер мен халықтардың өміріндегі прогресс мүдделерінің талап ететіндей, бұл демократиялық праволарды қамтамасыз ету және мүмкіндігінше нығайту арқылы халықаралық шиеленістің бәсеңдетілуін көздейміз.

Азиядағы бұл айтылған оқыйғалар қауіпсіздік маңызы бола тұрса да, Европадағы жағдайды кейінге қалдыра тұруға болады деп есептеуге болмайды.

Мұндағы жағдайдың қаншама шиеленіскендігіне баға беру үшін, Париж келісімдерін еске салудың өзі жеткілікті.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан бері герман мәселесі соғыстан кейінгі барлық проблемалар қатарындағы ең өзекті мәселе болып отырғанын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Соғыстың аяқталуынан бергі он жыл уақыт, герман проблемасын шешудің айқын жолдары мен құралдарын белгілеуге жеткілікті мезгіл сыяқты еді. Дегенмен, істің жайы басқаша болып отыр.

Егер соғыс кезінде және соғыс аяқталғаннан кейін бірден ақ, антигитлерлік коалициядағы барлық мемлекеттер Германияның біртұтас, бейбітшіл және демократиялық мемлекет болып дамуын қамтамасыз етуді өздерінің ортақ бас міндеті болып табылады деп келіссе, соғыстың аяқталуынан кейінгі алғашқы жылдардың өзінде-ақ бұл мемлекеттердің бірсыпырасы шынында бұл мақсаттарға жетуге ұмтылмайтыны көрінді. Бірқатар мемлекеттер, оның ішінде ССРО үшін бұл олардың герман мәселесіндегі саясатының негізі болып келді және болып қалады. Ал басқа мемлекеттер үшін бұл, өздері қол қойған келісімді шынымен орындауды ойламай, қолдарын қоя салған тек құрғақ сөз болып қалды.

Совет Одағы Ялтада және Потсдамда қол қойылған халықаралық келісімдердің негізгі міндетін орындауды жақтай келді және жақтауда. Өңгіме бұл келісімдердің белгілі бір параграфтары туралы болып отырған жоқ, — оның ішінде көп параграфтар енді ешкімге қажет емес, өйткені оқыйғалар бұларды әлдеқашан аттап өтті. Алайда, егер біз бейбітшіліктің мүдделерін және Европа халықтарының бостандықтарын қадірлейтін болсақ, бұл аса маңызды халықаралық келісімдерде алға қойылған негізгі проблеманы — шын мәнісінде бейбітшіл және демократиялық мемлекет ретінде Германияның бірлігін қалпына келтіру проблемасын — күш тәртібімен алып тастауға болмайды. Европада бейбітшілікті нығайту мүдделеріне сәйкес мұнымен бірге, біртұтас демократиялық Германияның жаңа ұлттық өркендеуінің мүдделерін тиісінше есепке ала отырып, шешілгенге дейін бұл проблема күш тәртібінде қала береді. Герман халқының өміл отырған бейбітшіл күштері, Германияның бірлігін қалпына келтіруді табандылықпен жақтаушы Герман Демократиялық Республикасынан өздеріне сенімді тірек табады. (Қолшапалақтау).

Париж келісімдері туралы мәселені де осыған байланысты түрде қарау қажет.

Қабылданбаған «европалық қорғаныс бірлестігінің» жобасы да, сол сыяқты Париж келісімдері де, сайын келгенге, бәз-баяғы бір мақсатты көздейді: бұл жобалардың біріншісі де, екіншісі де Батыс Германияда герман милитаризмін қайта тұғызуға және ремилитарландырылған Батыс Германияны батыс мемлекеттерінің агрессиялық соғыс топтарына енгізуге есікті кең ашады. Бұлардың арасындағы айырмашылық зор емес: бұрын Батыс Германияның армиясын «европалық армия» дейінге енгізуге ұйғарылса, Париж келісімдері бойынша «батыс европалық армияға» енгізуге ұйғарылады. Бұған тек мынаны айтуға болады: «Хрен тұрмадан төтті емес, көмір құрымнан ақ емес». (Нүлкі, Қолшапалақтау).

Мұның бәрі төрт ұлы держава қол қойған және герман милитаризмінің қайта тұғызылуына жол бермеу мәселесін

екенін бұл жаланы үнемі айтып отыратындардың өздері де біледі. Бірақ агрессиялық саясатты уағыздаушылардың қолында көп тиражды буржуазиялық баспасөз, күш сайын ертеден көшкіре дейін қақсап отыратын көптеген радиостанциялар бар; олардың қолында бүкіл мемлекеттік аппарат және капиталдың әртүрлі жадамалы агенттерінің армиясы бар;

III. Совет Одағының бейбітшілік жолындағы, коллективтік хауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы күресі

Совет Одағы бейбітшілік үшін, Европада коллективтік хауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін дәйекті күрес жүргізіп отырғанын халықтардан ешқандай жала және ешқандай өтірік жасыра алмайды.

Қоғамдық және мемлекеттік құрылысының қандай болуына қарамастан, барлық европалық мемлекеттердің коллективтік хауіпсіздігі туралы договордың советтік жобасы жұртқа жақсы мәлім. Бұл жобаны Европаның бірсыпыра мемлекеттері қосап қарсы алды, барлық елдерде, оның ішінде, билеп-төстеуші топтары Совет Одағының коллективтік хауіпсіздік туралы ұсыныстарын халықтан жасыруға тырысып, көбінесе бұл ұсыныстардың мағнасын тікелей бурмалан отырған елдерде де жұртшылық советтік жобаға қызу ұн қосты.

Совет үкметі Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы басқа ұсыныстарды да талқылауға ризалық білдірді. Бұл мақсатпен ол жалпыевропалық кеңес шақырып, онда бейбітшілікті және европалық хауіпсіздікті қамтамасыз етудің советтік жобасын, сол сыяқты мүмкіндігі болған басқа ұсыныстарды да қарауды ұсынды.

Алайда, советтік ұсынысқа қарсы шығушылардың ешқайсысы европалық коллективтік хауіпсіздікті қамтамасыз етудің қандай да болсын басқа жобасын ұсынады. Солтүстік Атлантика блогіндегі мемлекеттердің үкметтері бұл мәселені қарауға тиісті Жалпыевропалық кеңеске қатысудан да бастарты. Олар өздерінің Солтүстік Атлантика блогіне қатысушылармен «бірліккерлес» мемлекеттер қатысатын договорларға ғана мүдделі екендіктерін білдірді. Сөйтіп олар, қоғамдық құрылысының қандай болуына қарамастан, барлық мемлекеттердің бұл ұйымға тең праволылықпен қатысу принциптерін таңу негізінде құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымына өздерінің қатысуына қаншалықты принципсіздікпен қарайтындықтарын көрсетті. Өз мәлімдемесімен олар, мұнымен бірге, Европада бейбітшілікті және шын мәнісіндегі хауіпсіздікті қамтамасыз етуді тіпті ойламайтындықтарын, өздерінің соғыс топтары Совет Одағына және Халықтық демократия елдеріне дұшпандық мақсатпен құрылғандықтарын дәлелдеді.

Қоғамдық құрылысының қандай болуына қарамастан, Европаның барлық мемлекеттерінің бейбітшілігін және хауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған Совет Одағының бейбітшілік саясатына олар бір мемлекеттердің басқа мемлекеттерге қарсы соғыс топтарын құру саясатын қарсы қояды. Сөйтіп, өздерінің агрессиялық жоспарларына, олардың бейбітшілік мүдделері үшін емес, ал олай болса өз халықтарының мүдделері үшін де емес, агрессиялық «күш көрсету саясатын» жүргізіп отырған және соғыс өртің тұтандырушылар деп орынды аталған агрессияшыл топтар мен билеп-төстеуші топтардың мүдделері үшін әрекет жасап отырғандықтарына олардың өздері жауапты.

Сонымен Совет Одағының Париж келісімдері жөніндегі позициясы мүдде айқын. Бұл позиция оны теріс түсіндіруге ешқандай негіз қалдырмайды.

Париж келісімдері бекітілген күнде, Батыс Германия милитаризмді қайта орнату жолына түсіп, іс жүзінде герман жекшілдерінің билігінде болатындығы біздер үшін айқын. Француз патриоттары да Эдуард Эррионың тамаша сөздерін тыңдағанда, мұның өзі қайда бастайтындығын жақсы түсінеді деп ойлау қажет.

бұл агенттер өздерінің намысы мен оянданын ақшаға сатады. совет еліне қарсы қандай да болсын өтірік пен жаланы күн сайын таратып отырады, мұның бәрін барған сайын ұятсыздықпен, арыстылықпен істеп отырады, өйткені өздерінің табанының асты ойылып бара жатқанын сезеді. (Залдағылар бір қозғалып қойды).

басқа елдермен осыған сай келіссөздер жүргізуге және келісімдер жасауға ұмтыламыз. Әрине, бұл мақсаттарға тек екінші жағы да осы бағытта игі ниет білдіргенде ғана жетуге болады.

Біздің басқа елдермен қатынасымыз, ең алдымен, бұл қатынасты дамыту бейбітшілікті нығайту мүдделеріне, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне қол сұмпау принциптерін дәйектілікпен қолдана отырып, бейбітшілікті сақтау мүдделеріне қаншалықты көмектесе алатындығына қарай белгіленеді.

Совет Одағы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы қатынас туралы не айтуға болады?

Бұл қатынастар жақсартуды керек қылады. ССРО мен Құрама Штаттар арасындағы қатынасты осылай жақсартуға мүмкін бе? Әбден мүмкін. Алайда, мұның үшін, Совет Одағының үкметі ғана емес, Құрама Штаттардың үкметі де бұған ұмтылатын болуы керек.

Англиямен және Франциямен екі арадағы өткен жуық уақытта тәуірлене бастаған қатынас су астындағы тастарға немесе, дәлірек айтқанда, Париж келісімдеріне, агрессиялық герман милитаризмін қайта тұғызуды көздейтін келісімдерге келіп соқтықты (залда қозғалып). Егер істің беталысы Париж келісімдерін бекіту және жүзеге асыру жолымен бара беретін болса, мұның өзі Англия мен Францияның екінші дүниежүзілік соғыстың барысында Совет Одағымен жасасқан договорларын қадірлемейтіндігі былай тұрсын, оның үстіне бұл договорларды тікелей жойып, өшіретіндігін көрсетеді. Онда осылай болатындығы сөзсіз, өйткені Париж келісімдері герман милитаризмінің қайта тұғызылуына және ремилитарландырылған Батыс Германияның совет еліне қарсы блоктарына енгізілуіне есік ашып, ағылшын—совет договорымен де, француз—совет договорымен де сыйыпалытын болады.

Біздің еліміздің Финляндия және Норвегия сыяқты көрші елдермен қатынасының дамуын салыстырып көріңіздер.

Біздің Финляндиямен қатынасымыз 1948 жылғы достық, ынтымақ және өзара көмек туралы договорға сәйкес дамуда. Бұл қатынастың экономика, сол сыяқты саясат салаларында дұрыс дамуын дәлелдейтін бірсыпыра фактілерді келтіруге болар еді. Өткен жылы Кекконен мырза бастаған Финляндияның үкмет делегациясының Москваға келуі, оған жауап ретінде, А. Н. Миккои жолдап бастаған Совет үкметі делегациясының Финляндияға баруы өзара жақсы ұғынысуға негізделген совет-финляндия қарым-қатынасының оған әрі жақсаруына көмектесті.

Совет—Норвегия қатынасын алатын болсақ, Совет Одағы Норвегияның агрессиялық Солтүстік Атлантика договорына қатысушылардың бірле айналғанымен есептеспей отыра алмайды, өйткені бұл договордан туатын әрекет Европада бейбітшілікті нығайтуға әсте көздемейді. Қайткенде де, норвегтер ССРО мен Норвегия арасында тағу көршілік қатынасты сақтау біздің еліміздің мүдделеріне ғана емес, Норвегияның мүдделеріне де сай келетін ұмылауға тиіс.

Біздің, Түркия, Иран және Афғанстан сыяқты көршілермізбен қарым-қатынасымыз туралы да айтпақпын.

Түркиямен қатынасты жақсартуға көмектесу үшін Совет Одағының бірсыпыра шаралар қолданғанын кім білмейді. Сөлай бола тұрса да, Түркияның үкмет орындары өздерінің территориясын және жағалау маңындағы суларын шетелдік,

рылды, соның өзінде Женева кеңесінің кейбір қатысушылары да осы агрессиялық іске көмектесуге келісіп, мұның өзі олардың беделіне қандай әсер ететіндігімен санаспады.

Мандалағы жалғастық конференцияда «Оңтүстік-Шығыс Азияның коллективтік қорғанысы» (СЕАТО) дейтін туралы договорға қол қойылып, мұның өзі АҚШ, Англия, Франция сияқты отаршыл державалардың және бұларға төуедді Филиппины, Таиланд, Пакистан сияқты кейбір азиялық мемлекеттердің соғыс блогі болып табылады. Бұл договор Азиядағы ұлт-азаттық қозғалысын басып-түшпіндіруді көздейді, және Қытай Халық Республикасына көрнеу қарсы бағытталған, ал Женева кеңесі кезінде Қытай Халық Республикасының халықаралық беделі, әртүрлі реакцияшыл топтар тарапынан қарсы әрекеттер жасалғанына қарамастан, анағұрлым арта түеті.

Осының бәрі немі көрсетеді?

Мұның бәрі жәзіргі жағдайда халықаралық шиеленісті бәсеңдету пайдасына жасалған қадамға шиеленісті бәсеңдетуге емес, қайта арттыра түсуге мүдделі болып отырған ең агрессияшыл топтар тарапынан әртүрлі қарсы әрекеттер жасалатынын көрсетіп отыр. Демек, халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдетуге тек ең агрессияшыл күштерге және олардың арам ойларына қарсы қажырлы күрес жүргізу арқылы ғана жетуге болады, олай болса, бұл күресті бәсеңдетуге болмайтыны былай тұрсын, қайта бұрынғыдан да зор табандылықпен, іскерлікпен және дөбектілікпен оған әрі жүргізе беру қажет.

Кәзіргі уақытта Қызыр Шығыста да агрессияшыл күштердің халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдетуге жол бермеу үшін жаңадан белсенде әрекет жасай бастағанын көрсететін оқиғалар болып жатыр.

Тайвань ауданы мен Қытайдың басқа аралдары ауданындағы оқиғалар дәл осының өзін көрсетіп отырған жоқ па?

Империалистік агрессияның тарихында соңғы жылдары осы ауданда болып жатқан фактілерден тәрі анағұрлым мақсара фактілерді табу қиын.

Шынында да, Қытайға іргелес басқа аралдар туралы айтпағанның өзінде, Тайвань аралы мен Пенхуледао аралдары Қытайдың даусыз территориясы болып табылады. Мұның өзі Америка Құрама Штаттары да, сондай-ақ Англия да қол қойған 1943 жылғы Баир декларациясында, ал содан кейін 1945 жылғы Потсдам декларациясында тура танылған болатын. Мұның өзі, осының үстіне, Жапонияның тізе бүгуі туралы жасалған аяқта баянды етілген болатын, ал Жапония бұл аралдарды XIX ғасырдың аяғында басып алып, тек тізе бүгу туралы аяқ бойынша оларды Қытайға қайтарып берген болатын.

Осының бәріне қарамастан, кәзір бұл аралдарды Америка Құрама Штаттары басып алып, бұл аралдары Қытайдан қуылған Чан Кай-шидің қылмысты бақдасын өз ақпасына ұстап, Чан Кай-шидің жалдамалы әскерлерінің жәрдеммен Қытайға шабуыл жасауға әзірленуде. Соңғы уақытта істің жайы тіпті мынаған дейін барып отыр: АҚШ президенті мен конгресі өздерінің «күш көрсету саясатымен» әуестенгендігі соншалық, тіпті олар осы аралдарға өзінің правоты екенін талап етіп, өзінің ұлттық намысы мен суверенитетін агрессордан қорғап отырған қытай халқына соғыс қатерін ашықтан-ашық төндіре бастады.

Совет Одағының бұл мәселедегі позициясы айқын және жақсы мәлім.

Біз Тайвань туралы мәселені Қытайдың ішкі ісі деп есептейміз, ал АҚШ-тың басқыншылық және соғыспен қорқыту әрекеттерін агрессия деп есептейміз. Егер Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің беделін қадірлейтін болса, ол бұл агрессияны сөзсіз айыптауға тиіс деп есептейміз. (Қолшапалақтау). АҚШ-тың қарсылық көрсетуі себепті, Қытай Халық Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы заңды праволарының әлі күнге қалпына келтірілмеуіне мұна әрі төзуге болмайды. Құрама Штаттар өзінің барлық қарулы күштерін, оның ішінде соғыс-әуе және соғыс-теңіз күштерін Тайваньнан және Тайвань бұғазынан әкетуге тиіс. Сонда Қызыр Шығыста соғыс қиымдары тоқталып, бейбітшілік орнайды. (Қолшапалақтау).

Құрама Штаттардың Тайвань туралы мәселедегі позициясы бейбітшіліктің сақталуына қатер туғызуда және халықара-

қозғалыс жүрісіне жеткізіледі. Мұның өзі, сондай-ақ, ағылшын-совет, сол сияқты француз-совет договорларын өрескей бұзғандық болып табылады. Бұл договорлар бойынша, Англия мен Франция ССРО-мен бірге, жаңа герман агрессиясының жасалу мүмкіндігіне қарсы шаралар қолдануға, сондай-ақ Совет Одағына қарсы бағытталған соғыс топтарына қатыспауға міндеттенгенді. ССРО-мен бірге өздері қол қойған аса маңызды халықаралық келісімдер мен договорларды аяқ асты етіп, Америка Құрама Штаттары, Англия және Франция Париж келісімдерін бекіттіру және бұл келісімдердің жүзеге асырылуын тездету үшін барлық шараларды қолдануда.

Париж келісімдері еуропалық парламенттер арқылы зор қызығшылықпен өткізілуде.

Париж келісімдерінің қажеттілігіне сенбейтіндерге Құрама Штаттардың сырттан қысым жасауына және оларды барынша қорқытуға әрекеттенуіне қарамастан, француз парламентінде депутаттардың азшылығы ғана Париж келісімдерін мақұлдап дауыс бергендігі бұған жеткілікті дәлел. Ағылшын парламентінде де Париж келісімдерін жақтап дауыс беруге депутаттардың азшылығы ғана ризалық білдірі. Онда бұл келісімдерді дауысқа қойғанда лейбористер фракциясының түгелінен қалып қалуға ұйғарғаны мәлім болды. Батыс Германияның өзінде де, герман халқы көпшілігінің шын ниетін белгілі дәрежеде білдіріп отыратын жұмысын табының барлық негізгі қосындақ және партиялық-бұқаралық ұйымдары Париж келісімдеріне және ремилитарландыруға батыл қарсылық білдірі, өйткені герман халқы Германияға зор ауырталық келтірген соңғы екі дүниежүзілік соғысты ұмыта алмайтыны түсінікті.

Олай болса, сырттан зорлықпен таңылған, Еуропаның халықтары айыптал, қабылдамай отырған Париж келісімдерінің қуны қандай болмақ?

Дегенмен, Париж келісімдері бекітіліп, жүзеге асырыла қалған күнде олардың зиянды және тікелей хауіпті болатын зардабын жете бағаламауға болмайды.

Париж келісімдерін бекітудің Еуропа халықтары үшін хауіптілігі: бұл келісімдердің бейбітшілікті нығайту мақсаттарына емес, соғысты әзірлеу мақсаттарына қызмет ететіндігінде, Батыс Германиядағы қанқұйлы жекпілдермен және милитаристтермен бірігуге осынышама ұмтылатын, «күш көрсету саясатын» жақтаушылар қатарында авантюристер аз ба?

Сондай-ақ Париж келісімдерін бекіту герман халқының ұлттық мүдделеріне өте ауыр соққы беретіндігімен есептесілеуе болмайды.

Париж келісімдері бекітілген күнде, олар герман проблемасын шешу жолындағы ең зор кедергі болады. Бұл келісімдер Германияның бірлігін қайта орнатуға ұзақ уақыт бойына мүмкіндік бермейді. Батыс Германия ремилитарландырылып, милитаристік мемлекетке айналдырылғаннан кейін, Германияның бұл бөлегін Германияның шығыс бөлегімен — бейбітшіл Герман Демократиялық Республикасымен біріктіруге мүмкіндік қалмайды. Париж келісімдерін бекіту Германияның бірлігін қайта орнату туралы жемісті келіссөздер жүргізуге бөгет болмайды-мыс дейтін мәлімдемелердің бәрі тек бір мақсатты — жұртшылық топтарын теріс бағыттаудың және алдаудың барлық амалдарын пайдалана отырып, Париж келісімдерін парламенттер арқылы өткізу мақсатын көздейді.

Мұның керісінше, Париж келісімдерінен бастартып, төрт держава — Франция, Англия, АҚШ және ССРО арасында тиісті келісім жасау, Германияның бірлігін бейбітшілік және демократиялық негізде қалыпта келтіру мақсатын көздейтін жалынгерманиялық еркін сайлауды быйлығы жылдың өзінде өткізуге мүмкіндік туғызар еді. Совет Үкіметінің 15 январьда герман мәселесі бойынша жасаған мәлімдемесінің мәнісі де осында.

Француздарды, белгиялықтарды, норвегтерді және басқаларын, вермахты қайта құруды көздейтін Париж келісімдері олардың хауіпсіздігін қамтамасыз етуге керек болады-мыс деп сендірмек болады.

Батыс еуропалық халықтардың хауіпсіздігіне қатер бейнебір Совет Одағы және халықтық демократия елдері тарапынан туып отыр, дегенді айттып, оларды барып тұрған арыздықпен алдамақ болады, ал мұның өзі шынында біздің бейбітшілігімізге және барлық халықтық демократия мемлекеттеріне сұрқиялық шең оңбаған арамсалық жала жапқандық

тарап қатынастары болатын, ремилитарландырылған Батыс Германия Солтүстік Атлантика блогіне де, Франциямен, Англиямен, Италиямен және басқа кейбір мемлекеттермен бірге батыс еуропалық соғыс одағына да кіретіндіктен, Еуропада жаңа жағдай туады, өйткені мұнан кейін жаңа соғыс хауіп алдақандай күшейді.

Париж келісімдері өздеріне қарсы бағытталған Совет Одағы және Халықтық демократия елдері мұнымен есептеспей отыра алмайды. Совет халқы және оның армиясы бейбітшілікті шын ниетімен тілейді, мұнымен бірге өздерінің жеңіспен жекпен социалистік табыстарын қорғауды жақсы түсінеді және қорған қалуға берік бел байлауы. Егер агрессор өз сыбағасын бұрын да алып келген болса, енді ол Совет Одағының қуатының үздік өскендігін ұмытпауға тиіс (ду қолшапалақтау), біздің армиямызда әрбір 100 адамнан 77 адам коммунистер мен комсомолдер екенін ұмытпауға тиіс. (Ұзақ қолшапалақтау). Ал коммунистер мен комсомолдер коммунизмнің жеңіспен жекпен табыстарын агрессордан қайы қорғау керек екенін өреске жақсы біледі. (Қолшапалақтау).

Еуропада жаңа жағдайдың тууы себепті, Совет Одағы, сол сияқты Париж келісімдері өздеріне қарсы бағытталған басқа бейбітшіл мемлекеттер де қол қуырып қарап отырмайды. Өздерінің хауіпсіздігін оған әрі нығайту үшін, Еуропада бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін олар лайықты шаралар қолдануға тиісті болады.

Өткен жылғы 2 декабрьде аяқталған және өзінің бірауызды, бұлжымайтын Декларациясын жариялаған Москва кеңесі мұны ашып айтты. Бұл Декларацияға: Совет Одағы, Польша Халық Республикасы, Чехословак Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Болгария Халық Республикасы және Албания Халық Республикасы қол қойды.

Москва кеңесіне қатысқан сегіз мемлекет: Париж келісімдері бекітіле қалса, олар өздерінің халықаралық позицияларын нығайту, бейбітшілікті және еуропалық хауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қолданатындықтарын ашып айтты. Мұның өзі біздерден жаңадан көп еш жұмсауды және материалдық шығындар жасауды талап етеді. Бірақ, біздердің мұнан тартыпбайтынмызды, милитарист мырзалар, біліп қойыңыздар. (Ұзақ қолшапалақтау).

Ел алдымен, Москва кеңесіне қатысушы сегіз ел арасында достық, ынтымақ және өзара көмек туралы договор жасауға әзірлік міне осындай шаралардың санына қосылады. Уақыт өткізеу үшін, тиісті өзара кеңестер кәзіргі өзінде жүргізілуде. Герман милитаризмімен бірге жасалып жатқан жаңа соғыс одақтары мен топтарына біз өздеріміздің қатарымызды оған сайын берік топтастырып, достығымызды оған әрі нығайтып, өзіміздің бүкіл ынтымақ ісімізді жақсартып, қажет болған жерде, өзара көмегімізді оған әрі кеңейтін жауап береміз. (Қолшапалақтау).

Ремилитарландырылған Батыс Германияның қатысуымен батыс еуропалық соғыс топтары құрылған күнде біз қолдануға тиісті болатын шаралардың санына жоғарыда көрсетілген сегіз елдің бірлікпен соғыс командозаниясын құруды да қосқан жөн. (Ду қолшапалақтау). Бұл шара қандай да болсын кездейсоқ және күтілмеген оқиғалар болу мүмкіндігін есте тұта отырып, Совет Одағының және басқа бейбітшіл еуропалық мемлекеттердің қорғанымпаздығын күшейтудің қажеттілігінен туып отыр. Біз бейбітшіл еуропалық мемлекеттердің бірлікпен соғыс командозаниясын құрған кезде, агрессияшыл топтар өздерінің авантюралық әрекеттерінен тоқталып, тынымсыздық жүретін болар деп ойлау қажет. (Қолшапалақтау).

Біз мұны ашып айтамыз және кәзіргі жағдайды халқымызға түсіндіруді қажет деп танымыз. Халық бізді дұрыс түсінетіндігіне біз сенеміз (Ду қолшапалақтау).

Халықтардың болып жатқан оқиғаларға саналылықпен қарауы бейбітшілік мүдделеріне бәрінен де сенімді қызмет етіп, бейбітшіл мемлекеттердің хауіпсіздігін қамтамасыз етудің ең жақсы жолы болатындығы жақсы мәлім.

Советтік сырлық саясат бейбітшілікті сақтауға және нығайтуға бағытталып отырғандығы бұл айтылғандардың бәрінен айқын көрінеді.

Осыған сәйкес біз халықаралық қатынастағы шиеленісті бәсеңдету мүдделеріне сай келетін шараларды қолдануға,

демонстрацияларының белгілі бір аренасына айналдырып, тату көршілік қатынасқа үйлеспейтін позицияда болып келеді. Совет үкіметі, Түркия мен ССРО-ның өзара мүдделері екі ел арасында тату көршілік қатынасты сақтауды керек етеді деп есептейді.

Иранмен қатынастың біраз жақсарғаны байқалады. Ұзақ келіссөздерден кейін маңызды-маңызды шекара және финанс мәселелері бойынша совет-иран келісімі жасалды. Иранды өздерінің Таяу және Орта Шығыстағы агрессиялық соғыс-саяси топтарына қатыстыру мақсатын көздейтін сыртқы агрессиялық күштердің Иранға үздіксіз қысым жасауы совет-иран қатынасының оған әрі осы бағытпен дамуына бөгет болмас деп сенеміз.

Біздің Афғанстанмен қатынасымыз дұрыс қалыпта дамып келеді, ал біз мұны екі елдің мүдделеріне сай келеді деп есептейміз.

Совет Одағы мен Индия арасындағы достық қатынастың оған әрі нығайтын аса қанағаттанарлықпен атап өту керек. Бірін бірі құрметтеп, шын тілектестік білдіріп отыратын елдеріміздің халықтарын жақындастыруға көмектесетін саяси және экономикалық байланыс та, сол сияқты мәдени байланыс та ойдағыдай дамуға.

Жақын арада маңызды экономикалық келісім жасалды. Бұл келісім бойынша Совет Одағы жеңіл шартты ұзақ мерзімді кредит бойынша Индияда үлкен металлургия заводын салуды міндетіне алды. Бұл завод 1 миллион тоннадан астам болат және тиісті мөлшерде прокат беріп тұратын болады. Совет Одағы оған керекті барлық жабдықтарды береді және қажетті техникалық көмек көрсетеді, оның ішінде жоғары білімді мамандар жібереді. Біз Индияның тиісті өтіншісін зор ынтамен қарсы алдық, өйткені Индияда металлургияны дағайту бұл ежелгі, ұлы елдің ұлттық тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, экономикасын көркейтуге көмектесуге тиіс, ал ССРО-ның халықтары бұған шын ниетімен тілектес. (Ұзақ қолшапалақтау).

Осы жылдың жазында Индияның премьер-министрі Джавахарлал Неру Совет Одағына келмек. (Қолшапалақтау). Неру мырзаның біздің елімізге келетіндігі туралы хабарды Совет Одағының халықтары ең күшті достық сезіммен қарсы алды. (Қолшапалақтау).

Біздің басқа азиялық екі ел — Бирмамен және Индонезиямен қатынастарымыз да оған әрі нығайда.

Совет Одағының, Ирактан басқа араб елдерімен қатынасында да соңғы кезде тәуір фактілер бар екенін көрсетуге болады.

Ирактың ССРО-мен қатынасты ұзуын, көбінесе, Ирактың кәзіргі үкіметінің «батыс» империалистерінің сыбызғысына қосылып білеуге тым асығуынан деп түсіндіруге болады. Араб елдерінің жұртшылығы ССРО халықтарының бұл мемлекеттерге достық сезімін, араб елдерінің суверенитетін, ұлттық тәуелсіздігін қорғау ісінде Совет мемлекеті олардың сенімді тірегі болып келгенін және болатынын білетін болса керек. (Қолшапалақтау).

Совет Одағы Жапониямен қатынасты дұрыстауға ұмтылып отырғаны жұртқа мәлім.

Соңғы кезде Совет Одағы Жапония үкіметімен тікелей байланыс жасады. Біз мұнан тиісті тәуір нәтижелер күтеміз.

Совет Одағы Австрия мәселесін, демократиялық Австрияның тәуелсіздігін толық қалпына келтіру туралы мәселені Еуропада бейбітшілікті сақтап, нығайту мүдделеріне сәйкес шешуге зор маңыз береді.

Совет үкіметі Австриямен мемлекеттік договор жасау ісін қандай да болсын оған әрі созуды орынсыз деп есептейді. Мұнымен бірге, Париж келісімдері сияқты, Батыс Германияны ремилитарландыру жоспарларынан Австрия үшін туатын хауіпшен де есептесілеу болмайды.

Мұның бәрі Совет үкіметіне Австрия мәселесіне байланысты мынадай қорытындылар шығаруға дәлел болады:

Бірінші: Ең алдымен мына жағдаймен есептесу қажет: өресі, Батыс Германияны ремилитарландыру жоспарларының болып отыруы, мұның өзі Австрияны қосып әкету (аншлюс) хауіпін күшейтетіндігі себепті. Австрия мәселесін шешуді герман мәселесіне байланысыз қарауға болмайды.

В. М. Молотов жолдастың баяндамасының жалғасы

(Басы 1-2-беттерде)

Мұның мәнісі — тәуелсіз және демократиялық Австрияны қалпына келтіру туралы мемлекеттік договор жасағанда, Германияның Австрияны жаңадан өзіне қосып алуына мүмкіндік қалдырмайтын шешім табуы керек қылады, мұның үшін төрт державаның герман мәселесінде өзара келісіп тиісті шаралар қолдануы керек болады. Бұлай болғанда төрт державаның Австриядағы әскерлерін оған, Германиямен бітім договоры жасалуын күтпей-ақ шығаруға болар еді.

Екінші, Австрия, иттерлік Германияға қарсы соғысқа және Австрияны азат етуге өзінің қарулы күштерімен қатысқан қандай да болсын державаға қарсы бағытталған қандай да болсын коалицияларға, немесе соғыс одақтарына қосылмауға, сол сияқты өзінің территориясында шетелдік соғыс базаларының жасалуына жол бермеуге міндеттенуге тиіс.

АҚШ, Англия, Франция және Совет Одағының үкметтері де өз тарапынан бұл ережелерді орындап отыруға міндеттенуге тиіс.

Үшінші, Австрия мәселесін неғұрлым жедел шешу үшін, төрт державаның кеңесін тезінен шақыру қажет. Бұл кеңесте герман мәселесі, сол сияқты Австриямен мемлекеттік договор жасау туралы мәселе қаралуға тиіс. Мұның өзі, әлбетте, Австрияның мемлекеттік договоры туралы мәселені шешуге Австрияның қатысуын керек қылады.

Мұнымен бірге, Батыс Германияда милитаризмнің қайта тууына жол ашатын Париж келісімдері бекітілген күнде, ашылғандық зор қауіп, олай болса, Австрияның тәуелсіздігіне қауіп туатындығын ескеру қажет.

Соңғы кезде Совет Одағы мен Югославия арасындағы қатынаста белгілі табыстарға қол жеткені мәлім.

Біз бұл бағыттағы істің бәрі істелді деп есептейміз, бірақ мұның істелуі сондай дәрежеде Югославияға да байланысты деп ойлаймыз. Югославия соңғы жылдары, екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейінгі алғашқы жылдарда түскен позициясынан белгілі бір дәрежеде қашықтаған болса керек. Мұның өзі, әлбетте, тәуелсіз және ишкі ісі. Совет Одағы экономика, саясат және мәдениет салаларында совет-югослав қатынасын дамытуға ұмтылады. Мұнымен бірге біз, бейбітшілікті және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сияқты, барлық халықтар үшін шешуші маңызы бар істе мүмкіндігінше келісіп істеуге ұмтыламыз. Совет — югослав қатынасының дамуындағы дұрыс бағыт ССРО халықтарының да, Югославия халықтарының да мүдделеріне сай келетіндігіне біз сенеміз.

Совет Одағы мен Польша, Чехословакия, Венгрия, Румыния, Болгария, Албания сияқты халықтық демократия елдері, сол сияқты Герман Демократиялық Республикасы арасындағы қатынастың қалай дамып отырғанын мен жоғарыда айттым. Бұл елдермен қатынас, бейбітшілікті нығайту және қалың халық бұқарасының әл-ауқатын арттыру мүдделерін көздейтін туысқандық достық және жан-жақты ынтымақ негізінде ойдағыдай дамып келеді.

Шығыста біздің елімізбен Қытай Халық Республикасы, Корея Халық-Демократиялық Республикасы, Монғол Халық Республикасы, сол сияқты Вьетнам Демократиялық Республикасы арасында да осындай туысқандық достық және кең ынтымақ қатынасы дамуда.

Ұлы Қытай Халық Республикасы мен біздің еліміз арасында жылдан жылға күшейген достық және туысқандық қатынас байланысы бар. (Ұзақ қолшапалақтау).

Өткен жылы Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин, А. И. Микоян, Н. М. Шверник жолдастар бастаған Совет үкметі делегациясының Қытайда болуы және бұл делегацияның экономикалық ынтымақ саласында, сол сияқты халықаралық істердегі ынтымақ саласында маңызды келісімдер жасауы екі ұлы ел арасындағы бұл жаңа социалистік байланыстың айдың белгісі болып табылады.

Совет Одағы жоғарыда көрсетілген елдермен, сол сияқты

басқа халықтар да, үлкенді-кішілі басқа мемлекеттер де қолдауда.

ССРО, мысалы, Индияның немесе Бирманың Қытай Халық Республикасымен бірге, мемлекеттер арасындағы бейбіт ынтымақтың бес принципі (қатар өмір сүру, ишкі істерге қолсұқпау, тиіспеу және басқалары) жариялауың толық бағалайды, өйткені Совет Одағы өзінің сыртқы саясатын әрдайым осы принциптерге негізден келді, көзір бұл принциптерді бүкіл дүние жүзінің жұртшылығы осыншама достықпен қолдап отыр.

Біз барлық елдердің үкметтері мен парламенттеріне мынадай сұрақ қоюға праволымыз: көзір Индия мен Қытайдың 1954 жылғы 28 июндегі декларациясында тұжырымдалған бұл бейбітшілік принциптер не себепті барлық халықтардың бейбітшілігін сақтап, нығайту ісінде бәріне ортақ платформа бола алмайды? (Қолшапалақтау).

Совет Одағының бейбітшілік саясатының капиталистік лагерь елдерінде де толып жатқан сенімді достары бар.

Біздің бұл достарымыздың көмек екенін өздеріңіз білесіздер.

Бұлар, ең алдымен, жұмысы табы. Ол еш жерде де соғысты тілемейді, оның қатарында соғыс өртен тұтандырушыларға қарсы, халықтар арасында бейбітшілікті нығайту жолындағы белсенді күрескерлердің саны үнемі өсуде. Сан миллион шаруалар да Совет Одағының бейбітшілік саясатын достықпен қолдап келеді және қолдауда, өйткені соғыс оларға қайғы-қасірет пен бақытсыздықтан басқа ешнәрсе келтірмейді. Социалистік лагерьден тыс алыс қалалар мен селоларда, халықтың барлық топтары, оның ішінде дәулетті тастар арасында бейбітшілікті жақтаушылардың қозғалысы ұлғаюда, ал совет адамдары бейбітшілік жолындағы, мемлекеттер арасында дұрыс қалыпты қатынасты дамыту жолындағы бұл қозғалыстың әрбір тыңғыштығы табысына қуанады.

АҚШ-тың және американдық сыртқы саясат бағытына еретін елдердің сыртқы саясатын алатын болсақ, бұл саясат көп ретте қарама-қарсы бағытпен жүргізіледі.

Совет Одағы басқа елдермен сауда қатынасын кеңейтуі және халықаралық сауданы күшейтуі жақтап отырса, АҚШ-тың билеу-төстеуші топтары ССРО және басқа демократиялық мемлекеттер жөнінде тура қарама-қарсы бағытта болып келеді.

Совет елінің сыртқы саудасына бөгет жасау үшін, Қытайдың басқа мемлекеттермен экономикалық байланысына жол бермеу үшін, демократиялық елдердің АҚШ-қа тәуелді мемлекеттермен саудасына бөгет жасау үшін, ал қолынан келсе бұл сауданы түншықтыру үшін, Құрама Штаттардың билеу-төстеуші топтары мендей әдіс-айлаларды ойлап шығармайды десемізші.

Бұл мақсатпен АҚШ-тың үкметі және конгресі соңғы жылдарда толып жатқан әртүрлі заңдар мен қаулылар қабылдады. Оның сенаторлары мен министрлері өздерінің дегеніне көнбеген мемлекеттерге қарсы күш көрсетіп, әртүрлі сөздер сөйлейді. Осы мақсатпен, құдай сақтасын, қандай да болсын бір американдық, чилилік, ағылшын, даниялық, батысгерманиялық немесе италиян шайдазуемнің Совет Одағына немесе Болгарияға, Қытайға немесе Венгрияға, сыртқы рынокке арналған өз товарын сатпауы үшін, толып жатқан әртүрлі бақылаушы американдық комитеттер құрылды. Мұнымен бірге Құрама Штаттар әртүрлі қысым жасау және тікелей өктемдігін жүргізу шараларын қолданады, сол себепті көптеген өнеркәсіп иелері мен купецтер басқа елдермен сауданы күшейтуден шыншыммен қорқады.

Алайда, бұл шаралардың көздеген мақсаттарына жетпейтіндігін Құрама Штаттардың әлі күнге түсінбейтіндігі таңданарлық.

Американ үкмет орындарының ССРО-ға және халықтық демократия елдеріне қарсы әртүрлі кедергілер жасауына және кемсітушілік шаралар қолдануына қарамастан, олар бұл елдердің капиталистік мемлекеттермен сыртқы саудасына бөгет жасай алған жоқ. Оның үстіне, бұл агрессиялық саясат демократиялық лагерьдің елдері арасында экономика-

ның көзірлі дәрежесі, негізінен, соғыс зақаздарымен сақталып отыр. Соғыс өнеркәсібінің өнімі американдық өнеркәсібінің жалпы өнімінің 20—25 процентіндегі, яғни төрттен бір бөлігіндегі болып отыр. Ал бұған қарамастан, АҚШ-та экономикалық кризис пен жалпы өнімнің азаю процесі байқалып отыр.

Соғыс зақазы сияқты сенімсіз негізбен елдің экономикасын ұзақ уақыт ұстап тұруға болмайтынын мойындайтын мезгіл жеткен сияқты. Бұған қарамастан, АҚШ тарапынан өзін өзі өлтірерліктей халықаралық сауданы бүлдіру саясаты жүргізіліп келеді, мұның өзі американдық өнеркәсіпін даму мен ұлғаюдың дұрыс жолынан айырып отыр.

АҚШ үкметінің бес жылдан бері өз елін «төтенше жағдайда» дейтінде ұстауының өзі де кездейсоқ емес. Бұл Трумэннің демократиялық партия үкметі тұсында басталған еді, көзірлі республикалық партия үкметінің тұсында да жүргізіліп келеді.

Соңғы уақытта онда соғыс желігі жаңдайын қуаттау әрекеті бұрынғыдан да асып түсті. Газеттер мен радио арқылы жай ғана соғыс туралы емес, нақ атом соғысының өзіне өзін әзірлену туралы әртүрлі сөздер айтудың қаскүнемдік шауқаны өріс алды. Бұған, ең алдымен, Американың билеу-төстеуші топтары жауапты. Солардың талап етуі бойынша өткен жылғы декабрьдің орта шенінде Парижда атом соғысына әзірлену туралы мәселе жөнінде Солтүстік Атлантика шартына қатысушылардың кеңесі болды.

Басқалардан қалып қойғысы келмеген кейбір сыртқы істер министрлері де соңғы уақытта атом соғысын насихаттаумен шұғылданып жүр.

Мысалы, 1954 жылғы 18 декабрьде Парижда болған баспасөз конференциясында Бельгияның сыртқы істер министрі Спаак сөз мақтаншақтық істеп, мәлімдеме жасады да, Солтүстік Атлантика блогі советінің бұдан бір күн бұрын қабылдаған шешімдері «әскери адамдарға тілегенін беріп отыр. Олар атом соғысына әзірленуге рұқсат беруді талап еткен еді. Бұл рұқсат енді оларға берілді», дегенді айтты. Мұнда Спаак сөз дипломатиялық айлакерлік істеп, «атом қаруын қолдану долбары» дейтін туралы да айтады, сойтпін «оны қабылдауға (яғни атом қаруын қолдану туралы шешім қабылдауға) мүмкіндік беретін түпкілікті шешім мен тәсілді жариялауға болмайды. Мұның өзі аса маңызды соғыс құпиясы» деп қылымейі мәлімдеген болады.

Соңғы уақытта Спаак та, Даллес те, олардан басқа, тек американдық генералдары Ролфорд, Брюнтер, Стивенсон ғана емес, олармен бірге сөзжұмар ағылшын фельдмаршалы Монтгомери де атом соғысын насихаттаумен шұғылданып жүр. (Залда көзғалыс).

Мұнымен олар АҚШ-тың мемлекеттік қайраткерлерінің атом қуатын бейбітшілік жолға шайдалану туралы жұырда жасаған жобалары мен айтқан сөздері тек қана қалып жұртшылықтың назарын басқа жаққа аударуды көздегендік екенін айтақшы болды ма екен.

Егер бұл сияқты болжаулардың сөз ғана шындығы болса, онда мұның өзі Американың сыртқы саясатына екі есе нұқсан келтірер еді. Біріншіден, мұндай екі ұшты бағыт ұстау халықтардың үкметтерге сенімін жояды, ал екіншіден, халықтар атом соғысының кейбір бұғғытты уағаздаушыларынан көзірді өзінде жаңа басты-басты соғыс қылмыстыларының кандидаттарын көреді. (Қолшапалақтау).

Осының бәрін тұтас алғанда, атап айтқанда: Құрама Штаттардың халықаралық сауда саласында жасаған көптеген кедергілері де, агрессияшылық соғыс блоктары да, басқа мемлекеттердің жерлерінде жасалған көптеген соғыс базалары да, жанталаса қарулану да, атом соғысымен қорған-лоқжы жасау да, — осының бәрі Құрама Штаттар мен мемлекеттердің американдық тобы Совет Одағына, Қытай Халық Республикасына және халықтық демократия елдеріне қарсы бағытталған «күш жұмсау саясатын» көрсетуге арналған. Осының бәрі: «күш жұмсау тұрғысындағы» саясат арқылы, яғни әлдекіме қысым жасау және қорқыту, әлдекімді састыруға арналған. Бірақ бұл шүйттелетін саясаттың бәрі американдық халықтың қолынан қырылған үшін Америка Құрама Штаттарының

инабатты адамның тарапынан Американың сыртқы саясатына берілген осы баға көңіл аударуға тұратын нәрсе. Егер ол белгілі бір мөлшерде оған тікелей қатысы бар адамдардың да санасына жетсе, жаман болмас еді. (Нүлкі, қолшапалақтау).

Алайда, АҚШ-тың сыртқы саясатына беріліп отырған бұл баға бұл салада болып отырған қайшылықтар мен орын тешкен шын жағдайды тіпті де толық ашып көрсете алмайды — деуіміз керек.

Шындығында, социализм мен демократия лагері саяси мақсаттарының бірлігімен, еңбекшілердің арасындағы ұлы интернационалдық достықпен берік болып отырғанда, империализм лагері ішкі және сыртқы қайшылықтар салдарынан ыдырауда.

Мұны көптеген мысалдардан көруге болады. Фактілер мынадай.

Женева кеңесі естеріңізге алыңыздар. Онда Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселе жөнінде Францияның, Англияның, Қытайдың және ССРО-ның арасында келісімге келуге мүмкіндік болды, ал Бірақ Солтүстік Атлантика блогінің үшінші әріптесі, атап айтқанда, АҚШ бұл келісімге қол қойды қаламады. Рас, кейін Маниладағы конференцияда АҚШ-тың, Францияның және Англияның өкілдері әлдеқандай бір дәрежеде өзара келісімге келген. Бұл жолы Франция мен Англия АҚШ-қа қосылып, кейбір жағдайда өздерінің қатысуымен қабылданған Женева кеңесінің шешімдеріне қарсы шықты. Ал мұның өзі империалистік лагерьде толып жатқан қайшылықтардың бар екенін, ол қайшылықтар кейде бір формада, кейде екінші формада, кейде зор, кейде аз күшпен көрініп отыратынын байқатпай ма? Алайда, АҚШ-тың, Манила конференциясында қолы жеткен өзінше бір «жетістіктеріне» қарамастан, Женева кеңесінің саяси нәтижелері мәні жағынан алғанда Манила конференциясының бейшаралық нәтижелерінен өлшеусіз артық екені айқын емес пе?

1952 жылғы көктемде майда АҚШ пен Англияның қысымымен, алғы батысевропалық мемлекеттердің үкметтері «Европалық қорғаныс бірлестігі» дейтінді құру туралы договорға қол қойды. Алайда, 1954 жылғы августта француз парламенті бұл договорды қабылдамай тастады, сойтпін «Европалық қорғаныс бірлестігін» құру жоспарымен қолдасуға тура келді. Бұл договордың француз парламентінде құлаған себебі — француз халқының тілегі мен француз үкметінің ниеті арасында өте үлкен ашақтық бар екендігі ашылды. Бұл келтірілген фактіні қалай бағалау керек? «Европалық қорғаныс бірлестігінің» іске аспай қалуы империалистік лагерьдегі терең қайшылықтардың зардабы болып табылады деп айтуға барлық дәлел бар. Екінші жағынан, мұның өзі американдық сыртқы саясатының агрессиялық бағытының жеңіліске ұшырауларының бірі деп танымауға да болмайды.

Бұдан кейін, 1954 жылғы 23 сәуірьде Париж келісімдері дейтінге қол қойылды. Бұл келісімдер Батыс Германияны демилитарландыруды іске асырудың екінші әрекеті болып табылады. Іс есеге ойдағыдай кетіп бара жатқан сияқты болды да, бірнеше европалық мемлекеттердің және АҚШ-тың үкметтері герман милитаризмін қалпына келтіру жөніндегі өз жоспарларын өткізу ісінде жеңіске жетеміз деп демеленді. Бірақ соңғы күндері француз парламенті тағы да тайсақтай бастады, мұның өзі Париж келісімдерін жақтаушыларды тағы да қиыншылықтарға ұшыратуы мүмкін. Бұған АҚШ-тың саясатындағы соғыс-саяси блогінің учасқоткерінің біріндегі шилеңкескен қайшылықтар ықпалын тигізіп отыр. Францияда үкмет дағдарысына әкеліп соққан соңғы күндердегі оқыйғалар сыртқы саясаттың американдық бағытының тағы бір жеңіліске ұшырағандығын дәлелдейді.

Америка Құрама Штаттарында 1952 жылғы күзгі президент сайлауында сыртқы саясат оқыйғаларының қандай әсер еткеніне қараңыздар.

Жұртқа мәлім, ол кезде президенттік сайлауда республикашыл партия жеңіп шықты, бұл партия сенімді үймен айтпаса да, халықтық демократия елдері жөніндегі «азат ету» саясаты дейтінді қуаттаған болатын. Бұл «азат ету» саясатын республикашылдар демократияшыл партияның саясатына бел-

лықаралық хауіпсіздікті нығайтуға көмектесетіндей қатынас жасап отыруға ұмтылады. Еуропада да, сол сыяқты Азияда да халықтық демократия елдері бұл саясатты мейлінше қолдап, Совет Одағымен бірге, халықаралық қатынастағы шиеленісті келітуге бағытталған саясатты дәйектілікпен жүргізіп отырғанын біз зор қуанышпен атап көрсетеміз. (Қолшапалақтау).

Совет Одағы мен халықтық демократия елдері арасында барлық салада — саясат, экономика және мәдениет салаларында достық ынтымақ орнығып, барған сайын нығаюда. Бұл ынтымақ суверенитет және ұлттық тәуелсіздік принциптерін дәйектілікпен орындап отыруға негізделген. Бұл ынтымақ, әлбетте, қажет болған реттерде барлық бұл елдердің қорғанышпаздығын нығайту саласында да жасалады.

Алайда, Совет Одағы және социалистік лагерь елдері басқа мемлекеттерге қарсы бағытталған ешқандай соғыс блоктарын жасаған жоқ және жасап жатқан жоқ. Олар мұндай блоктарды келешекте де жасамайды, бірақ герман милитаризмін қайта турғызудың және бейбітшілік мемлекеттерге шабуыл жасауға әзірленудің құралы болатын агрессиялық жоспарлар жүзеге асырылатын болса, олар өздерінің күштерін біріктіруге мәжбүр болады.

Социалистік лагерьдің елдеріне бұған дейін өздерінің соғыс күштерін біріктірудің қажеті болған жоқ. Ал олардың арасында барлық салалардағы бірлік, мызғымайтын достықпен және туысқандық қатынаспен нығайтылған іскерлік байланыс ынтымақ және өзара көмек арқылы жасалып келеді және жасалауда.

Мұның нәтижесінде, ССРО мен халықтық демократия елдерін қосқанда, барлығы 900 миллион халқы бар 12 ел бейбітшілік демократия және социализмнің берік топтасқан лагері болып отыр. (Қолшапалақтау). Бұл елдерде өкмет билігі еңбекшілердің қолында. Сондықтан олардың барлық елеулі мәселелер бойынша өзара келісуі қиын емес, олар арасында империалистер ішінде болып отырған аюандық ғұрыптар мен аюандық бәсеке жоқ.

Совет Одағы жалпы бейбітшілік ісін, қоғамдық құрылысының қандай болуына қарамастан, халықтардың өрікті елдігі және ұлттық тәуелсіздігі принциптеріне қол сұғылмауын қорғап отырғандықтан, совет мемлекетінің сыртқы саясатын

IV. АҚШ-тың агрессиялық саясаты бейбітшілікке қатер туғызады

Егер американдардың «күш көрсету саясаты» экономика саласында халықаралық саудаға әртүрлі кедергілер жасалуына және кемсітушілік шаралар қолданылуына бастаса, соғыс-саяси саласында ол, ең алдымен, әртүрлі соғыс-саяси блоктар мен агрессиялық топтардың жасалуынан көрініп отырады.

Мұнда, АҚШ-тың бастауымен ағылшын-американ блогі құрған Солтүстік Атлантика тобы негізгі орын алатыны мәлім. Бұл топқа кіретін мемлекеттер: Америка Құрама Штаттары, Англия, Франция, Италия, Канада, Бельгия, Голландия, Люксембург, Дания, Норвегия, Исландия, Португалия, Греция, Түркия.

Мұнан басқа да, АҚШ-тың бастауымен құрылған соғыс-саяси топтар бар.

Мұның ішінде, соңғы бірнеше жыл бойына белгілі бір договорлар және келісімдер бойынша бекітілген мынадай договорлар мен келісімдерді атауға болады: АҚШ, Австралия және Жаңа Зеландия арасындағы договор; АҚШ пен Жапония арасындағы договор; Оңтүстік Шығыс Азия жөніндегі договор (СЕАТО); АҚШ пен Бангкот Чан Кай-ши (нүлкі) арасындағы договор; АҚШ пен Оңтүстік Кореядағы дисымандық топ арасындағы договор; АҚШ, Франция, баодайлық Вьетнам, Лаос және Камбоджа арасындағы келісім. Тайваньда, қытай халқына, жексурын Чан Кай-ши тобын, Оңтүстік Кореяда фашистік Ли Сын Ман тобын, Вьетнам халқы аластап отырған Бао Дайды немен болса да қолдау мақсатын көздейтін АҚШ-тың мұндай договорлары мен келісімдерінің қандай маңызы бар екені әркімге түсінікті.

Жақын арада Түркия мен Пәкістан арасында жасалған келісімді, сол сыяқты көзір Түркия мен Ирак арасында жа

лық байланыстың күшті қарқынмен дамуына жеткізеді. Ал, мұның өзі демократиялық мемлекеттер арасында экономикалық, сол сыяқты саяси қатынастын нығаюына көмектесті.

ССРО-ның сыртқы саудасына қыйыншылықтар туғызумен неғұрлым көп әуестенген адамдар қатарындағы кейбір американдық кайраткерлері біздің елімізде халық шаруашылығының соғыстан кейін қалпына келтірілуіне бөгет жасауға дөмеленді. Олар, Совет Одағының өз экономикасын соғысқа дейінгі қалпына келтіру үшін ондаған жылдар уақыт керек болады деп есептеді. Бірақ, Жоғарғы Советтің осы сессиясында мемлекеттік бюджетті талқылау олардың есебінен мықтап жаңылғанын тағы да көрсеткен жоқ па.

Мұны дәлелдейтін бір ғана мысал келтіреймін. 1955 жылға арнап қабылданған Мемлекеттік бюджеттің де, сол сыяқты халық шаруашылығы жоспарының да ойдағыдай орындалатындығына бізде ешкім күмәнданбайды. Ал, халық шаруашылығының быйылғы жоспарын орындағаннан кейін, біздің өнеркәсібіміз, еліміздегі өнеркәсіп өндірісінің соғысқа дейінгі дәрежесінен үш еседей артық асып түсетін мөлшерге жетеді. (Қолшапалақтау).

Бұған қоса мынаны айту керек: Коммунистік партия мен Совет Үкметінің соңғы кезде қабылдаған қарарлары негізінде көзір ауыл шаруашылығы саласындағы, колхоз және совхоз құрылысы саласындағы жұмыс жаңалан және бұрын болып көрмеген дәрежеде өрлеуімізге жеткізетін көлемде өрістете жүргізіледі.

Бұл салада алға қойылған және шын мәнісінде қызықты міндеттер совет мемлекетінің бұған онан әрі көп күш жұмсауын керек қылады. Бұл аса маңызды міндеттерді жүзеге асыруға ұлы совет халқының түгелінен тиісті көмек көрсететіндігін айтпағанның өзінде де, көзірлі нығайған колхоздарымыз бен совхоздарымыздың бұл міндеттері орындай алатындығы мүлде айқын. (Ұзақ қолшапалақтау).

Сауда қатынастарын алатын болсақ, біз бірқалыпты халықаралық сауданы дамытуды және жарасымды экономикалық ынтымақ жасауды жақтайтынымызды жұрт біліп қойсын. Егер, капиталистік система мен социалистік система арасында шын ниетті экономикалық жарыс өрістетілсе, мұның несі жаман? XX ғасырдың ортасында мұнан жақсы ешнәрсені қаншама ойлансаңыз да, таба алмайсыздар ғой. (Қолшапалақтау).

сауда әзірленіп жатқан келісімді де АҚШ-тың жетелеуімен құрылып жатқан осындай топтардың қатарына қосуға болады.

Париж келісімдері, Солтүстік Атлантика блогінің, былайығына айтқанда, шабуылшы колоннасы болуға тиіс батыс-европалық соғыс одағын құруды көздейді. Батыс-европалық соғыс одағына, Франциядан, Англиядан, Италиядан, Бельгиядан, Голландиядан және Люксембургтен басқа, Батыс Германия да енгізіледі. Бұл соғыс одағы туралы мұнан бұрын айтылғандарға ешнәрсені қосып айтудың қажеті жоқ.

Түркия, Греция және Югославия арасындағы договор мүлде ерекше орын алады, өйткені оған қатысушылардың екеуі ғана Солтүстік Атлантика блогіне мүше, ал үшіншісі — Югославия — бұл блокқа кірмеген. Алайда, Балқан халықтары бұл жөнінде тиісті сақтық істеп, оған назар аудармай отыра алмайды.

Құрама Штаттардың Еуропада құрып жатқан блоктары мен топтарының қатерлі күші Совет Одағы мен халықтық демократия елдеріне қарсы, ал Азияда — Қытай Халық Республикасы мен оған дос елдерге қарсы бағытталған.

Алайда, іс блоктар мен топтарды ұйымдастырумен ғана тышбайды.

Үнемі жүргізіліп жатқан жаңталаса қаруланудың хауіпін кемітін көрсетуге болмайды. АҚШ, Англия, Франция сыяқты және кейбір басқа елдерде соғыс бюджеттері көзірдің өзінде бұрын болмаған дәрежеде ұлғайды. Құрама Штаттарда соғыс шығындары бүкіл мемлекеттік бюджеттің үштен екі бөлігі болып отыр, ал мұның өзі соғыстан бұрынғы осы мақсатқа жұмсалған шығындардан бірнеше есе артық.

АҚШ-тың жоғары дәрежелі өркендеген өнеркәсіп өндірісі-

өзіне олардың сыртқы саясатының позициясын нығайту үшін ешнәрсені де беріп отырған жоқ.

АҚШ-тың агрессиялық топтары тағы да есебінен жаңылды. Жұырда ғана олар өздерін атом қаруына сөзсіз монополиялық жағдайдамыз деп есептеген еді. Тіпті олардың неғұрлым алыстан болжағыштарының өзі соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда Совет Одағына атом қаруын шығару үшін, кем дегенде, 10—15 жыл керек деп есептеген болатын, ал көпшілігі әлдеқайда көп уақыт керек болады деп ойлаған. Бірақ совет ғалымдары, инженерлері мен техниктері және бұл іске тікелей қатысы болғандардың бәрі, қысқа мерзім ішінде Совет мемлекетінің мүмкіншілігі ерекше зор өкөндігін дәлелдейтін нәтижелерге жетті. Бара-бара сүтегі қаруын өндіруде совет адамдарының ерекше табысқа жеткендігі соншалық, артта қалушының жағдайында Совет Одағы емес, қайта Америка Құрама Штаттары болып шықты. (Ұзақ, ду қолшапалақтау).

АҚШ-тың көзірлі сыртқы саясаты оның өз елінде жаппай қуатталып отырған жоқ.

Көзір республикашыл партия американдық конгресінде көпшілік дауыс алмайды. Американдық парламенті мүшелерінің көпшілігі өткен жылғы күзгі сайлаудан кейін демократияшыл партияның адамдары болды. Осыған байланысты АҚШ-тың демократияшыл партиясының аса көрнекті қайраткері, 1952 жылғы сайлауда президенттікке демократияшыл партиядан кандидат болып ұсынылған Стивенсонның айтқан пікірін келтіре кетудің артықшылығы болмайды. Американдық баспасөзінің хабарлауына, демократияшыл партияның 1954 жылғы 8 сентябрьдегі бір жыйналысында Стивенсон былай деген:

«Менің бір анықтағаным, кейде біздің саясатымызды көпшілік алдындағы мәлімдемелеріміз бен ұрандарымыздан — сол бір әсерлі сөздер мен сырттай тартымды саясаттан айырып алу қиын; біз, сіре, Даллэс айтатын, ал Ноулэнд қутырынады деген ұранға негізделген саясатты — ешқандай жөні жоқ, ешнәрсені жеткізбейтін саясатты жүргізетін болуымыз керек. «Азат ету», «Чан Кай-шиге қыймыл еркіндігін беру», «инициативаны қолға алу», қорғаныс мәселелерінде «жаңа жорыққа шығу», «жаппай үдемелі қарсы соққы беру» тағысын тағылар деген сыяқты әсерлі батыл даурықпалардың бәрі сіздердің естеріңізде болар. Осылардың бәрі біріне бірі ілесіп, бұқпантайлап үйге қайтып келеді (нүлкі), осылардың бәрі біздің беделіміз бен ышпалымызды барған сайын түсіре береді... Вашингтондағы үй ішіндегі ұрыс-керістің бейшаралық көрінісі біздің одақтастарымызды жабырқататынын көргенде өте қайғырасың. Ал анағұрлым жаман құбылыс — мемлекеттік департаментті соғып кеткен паралич болып отырған сыяқты. Мемлекеттік секретарь Даллэстің біздің сыртқы қатынастарымызды «азалтана қайта қарау» үшін уақыт тауды деп мәлімдеуі, сөзсіз, дұрыс. Бірақ бар поле мынада: «келіссөздер» деген сөздің «сатқындық» деген сөздің синонимі болып отырған жағдайда саналы түрде асыра бағалау мүмкін емес». (Залда қозғалыс).

Президенттікке жуырда ғана кандидат болған осындай

V. Біздің басты міндетіміз — бейбітшілікті нығайту

Баянды бейбітшілікті жақтаушы біздердің және бізге қарсы жақтың арасында терең үл жатыр.

Бізге қарсы жақтар жаңталаса қаруланумен шұғылданды. Олар өздерінің саяси лагерін нығайту үшін осыны мықтап ұстап алған, ал іс жүзінде мұның өзі олардың экономикалық және саяси позицияларын сөзсіз әлсіретуге және бүлдіруге әкеліп соғады.

Совет Одағы олардың жаңталаса қарулануына өзінің бейбітшілік саясатын, барлық қару-жарақты мықтап азайту туралы, атом қаруына сөзсіз тыйым салып, қару-жарақты азайту, атом қаруына және жаппай қырығға ұшырататын қарудың бәріне тыйым салу ісіне бақтылығы халықаралық бақылау орнату туралы өзінің ұсыныстарын қарсы қояды.

Бізге қарсы жақтар істі ашықтан-ашық жаңа соғысқа бастауда және соңғы уақытта атом соғысының өзіне әзірлену қажеттігі төңірегінде даурыға насихат жүргізіп келеді. Алайда, олардың бұл агрессиялық саясатын өз халықтары да еш-

тілі дәрежеде қарама-қарсы қойған болатын, ал демократияшыл партия өзінің көпшілігінде неғұрлым баяу сыртқы саясат бағытын, «жідірту» саясаты дейтін атпен мәлім болған бағытты жақтады, ал бұл өкі саяси бағыттың жақтаушылары ол партиялардың өрқайысында да бар болатын.

Алайда, сайлаудың нақ алдында республикашыл партияның кандидаты Эйзенхауэрдің Кореядағы соғысты тоқтатуға уәде бергендігін естен шығаруға болмайды, ал Құрама Штаттар Трумэннің демократияшыл партиясы өкмет басында тұрған кезде бұл соғысқа қиліктірілген болатын. Эйзенхауэрдің осы уәдесі, негізінен, президенттік сайлаудың нәтижесін шешті.

Президент сайлауында демократтардың жеңіліп қалуының себебі — олардың неғұрлым баяу сыртқы саясат бағытын ұстағандығынан емес, Кореяда соғыс ашуға жауапты болғандығынан деп білу керек. Екінші жағынан, республикашылдардың президент сайлауында жеңіп шығуы олардың неғұрлым агрессияшыл сыртқы саясат бағытын жариялағандығынан емес, дәл керісінше, олардың іс жүзінде белгілі бір уақытқа Кореядағы агрессияны жүргізе беруді қойып, соғысты тоқтатуға, Кореяда бейбітшілікті қайта орнатуға себепші болатын саяси партияның жағдайында болғандығынан деп білу керек.

Империалистер құрып отырған Солтүстік атлантика немесе басқа түрлі блоктар мен соғыс топтарындағы қайшылықтармен де санасуға тиістіміз. Бұл топтардың бәрінде кейде жаңа соғыстың өркіп тұтандыруды тездету пыйғылы күшейсе, кейде оған керісінше қарама-қарсы ағымдар күшейеді. Егер жеке елдерде мұндай қарама-қарсы пыйғылдардың арасында күрес жүріп жатқан болса, мұның өзі блоктардың өз ішінде, тіпті олардың арасында да өзінің әсерін тигізіп отырады.

Мұнда біз мынаны ескеруге тиістіміз: бейбітшілік жолындағы және халықаралық қатынастардың шиеленісін бөсеңдету жолындағы халықтық қозғалыс барлық елдерде неғұрлым ұйымдасқан және белсенді түрде жүргізілетін болса, бұл ауытқу, әсіресе халықаралық шиеленісті бөсеңдетуде маңыз алатын ауытқу солғұрлым күшейе түседі.

Жоғарыда келтірілген мысалдар империалистік лагерьде болып жатқан көптеген қайшылықтарға тән нәрсе және ол жеке елдердің арасындағы қарым-қатынастарда, сол сыяқты жеке мемлекеттердің саясатында, тіпті белгілі бір дәрежеде тек қана миллионерлер мен миллиардерлердің тілегімен санасыл қоймай, сайлаушылардың қалың тобының жұртшылық пікірімен де санасуға мәжбүр болатын жеке партиялардың ішінде де ықпалын тигізуде.

Советтік сыртқы саясат жеке капиталистік елдердің арасындағы елеулі қайшылықтармен болсын, сол сыяқты ол елдердің өз іштеріндегі, тіпті капиталистік таптар мен топтарға жататын жеке партиялардың ішіндегі қайшылықтармен болсын санаспай қала алмайды. Бұл қайшылықтарды бейбітшілікті қолдау және нығайту мүдделеріне, агрессияшыл антидемократиялық күштерді әлсірету мүдделеріне пайдалану біздің міндетіміз болып табылады.

уақытта мақұлдамайды, бұл саясатты халықтың қалың бұқарасы ғааа емес, дәулетті таптардың неғұрлым парасатты бөлігі де қабыл алмай отыр. Өз саясатында осындай бағыт ұстаумен олар мынаған ғана жете алады: олардың неғұрлым даурықпалы мемлекет қайраткерлері күні бұрын өз елінде болсын, шетелдерде болсын беделдерінен айрылады.

Совет Одағы атом мәселесі жөнінде де қарама-қарсы позицияда тұр.

Совет үкметі атом қаруын пайдаланудан бастарту туралы және атом қуатын бейбітшілік мақсаттарына ғана пайдалану туралы кешіктірмей келісім жасауды Құрама Штаттарға ұсынды. Совет Одағы Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің барлық елдерде атом қаруының запасын жою туралы, сойтіп бүкіл дүние жүзі халықтарының атом соғысын ешуақытта болдырмайтынына көзін жеткізу туралы жуырда жаса-

В. М. Молотов жолдастың баяндамасының соңы

(Басы 1, 2, 3-беттерде).

ған ұсынысын да қуаттайды. Міне сондықтан да Совет Одағы атом қуатын бейбітшілік жолмен пайдалану жөніндегі Халықаралық конференцияны шақыруға өзінің соншалық әзір екенін және белсенділігін білдіреді. Біз Құрама Штаттарға атом қаруын шығару жөнінде емес, атом қуатын бейбітшілік мақсаттарға пайдалану ісінде жарысқа түсуі ұсынамыз. (Қолшапалақтау).

Бізге қарсы мақтар «күш көрсету тұрғысындағы» саясат туралы байбалам салып жүр. Олар жүйелектенеді, сөйтпеді де қорқышақ болады. Олар жүйке тамыры бостар мен табансыздары таппашы болып, қодан-лоққы жасау, бопсалау әрекеттерін істейді.

Совет үкіметі совет халқы жөнінде мұндай жарамсыз әдіске ұмтылғандар сөзсіз есебінен жанылаты деп санайды. Олар мынаны білуге тиіс: егер солай бола қалса —біз өзімізді өзіміз қорғай аламыз. (Ду қолшапалақтау).

ССРО мен АҚШ-тың арасында күштердің ара салмағы көздің өзінде өбден анықталғанын түсінетін уақыт жетті.

Егер Совет Одағын оның барлық адам күштерімен, орасан зор материалдық ресурстарымен, оның барлық сыртқы достарымен қосып, сонымен қатар бейбітшілік саясатын басқа елдердің халықтық бұқарасы моральдық және саяси жағынан қолдайтын ескере отырып, демек, Совет Одағын көзгі бар қалпына қандай болса сол күйінде Америка Құрама Штаттарымен салыстыратын болсақ, және егер бұл елді де жоғарыда айтылған мәліметтердің бәрімен қоса алып қарайтын болсақ, онда Совет Одағы Америка Құрама Штаттарынан әлсіз емес екендігі айқын болады. (Ұзақ, ду қолшапалақтау).

Мынаны да ұмытуға болмайды: бейбітшілік сүйгіш Совет Одағы ешкімге хауш төндіріп отырған жоқ, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне қол сұқпайды, ал қайта бүкіл дүние жүзіндегі еңбекшілер мен барлық елдер халықтар қызу тілек-тесті білдіретін және жеңіске жетпей қала алмайтын нағыз оң, әділетті істі қорғайды, мұның өзі Совет Одағының Құрама

Штаттардан дауыз артықшылығы болып табылады. (Ду қолшапалақтау).

Совет Одағы не ұсынады? Біз қодан-лоққы жасау, бопсалау саясатына екі жақтың да бармауын ұсынамыз. Мұның өзі ешқандай жақсылыққа жеткізбейді.

Ол-ол ма. Біз өз күшіне шыңдан сенегін жәк соғысты жақтамайды деп есептейміз. Өз күшіне сенетіндер, өзінің бопсалауына сенетіндер бұған мұқтаж емес.

Дүниежүзілік жаңа соғыстың өрті тұтануы жөніндегі авантюраның қандай болса да агрессор үшін жақсылықпен аяқталмайды, өйткені біздің заманымызда жүз миллиондаған адамдар саналылықтың сондай дәрежесіне жетіп, олар да барлық совет адамдары сияқты, өз ісінің оң өзеніне толығымен отырып, мұндай қылмысты агрессияға қарсы ақырына дейін жүреседі.

Жаңа агрессиядан қанша зарлап шеккенімен, құрылтын «дүниежүзілік цивилизация» емес, агрессияшылығы үшін айыпталған, еңбекшілерді қанап, халықтарды өзгені үшін жиреншілгі болған, дәуірі өткен, қан сасыған империалистік негіздегі іріш-шіріген қоғамдық система құрылтын болады. (Ұзақ қолшапалақтау).

Совет Одағының сыртқы саясаты түрлі қоғамдық системалардың қатар өмір сүруі туралы лениндік принциптерге негізделген. Халықтардың бейбіт және тыныш өмір сүруін тілеп, біз осы принциптерді қорғаймыз.

Біз бұл принциптерді қорғаймыз, өйткені қатар өмір сүру жағдайында бүгін бір тарихи дәуірдің ішінде халықтарды бейбітшілікпен де, бостандықпен де қамтамасыз етуге, елдердің арасында бейбіт қатынас орнатып, адамзат прогресінің табысқа жете беруін де қамтамасыз етуге толық мүмкіншілік бар.

Біз қатар өмір сүрудің лениндік принциптерін жақтамаймыз, оны жақтауымыз себебіміз —біз социализмнің күшіне, коммунизмнің дұрыс жолын таңдап алғандығымызға сенеміз. (Ұзақ, ду қолшапалақтау, бәрі де орындарынан тұрады).

Жарыс озаттары

ПАВЛОДАР. (ҚазТАГ). Еліміздің машина-трактор станцияларының Бүкілодақтық социалистік жарысының екінші кезеңінде жеткен табыстары үшін Осмерьяжөк МТС-нің коллективіне КВСО пен ССРО ауыл-шаруашылық министрлігінің ауыспалы Қызыл туы берілді.

МТС 1954 жылғы трактор жұмыстарының жоспарын 121 процент орындады. Станцияның механизаторлары жоспардағы 15 мың гектар орнына 27.433 гектар тың көтерді. Олар өздері қамтытын көлхоздарда қысқа мерзімнің ішінде 21.000 гектар дәнді дақыл жыйнап, гектарына 15 центнерден астық алды. Бұл тапсырмадағыдан 4 центнер артық. Заттай ақы төлеу

жоспары 127 процент орындалды. Мұнымен қатар жемісін дайындау жөніндегі тапсырма да асыра орындалды.

Үстіміздегі жылғы станцияның жұмыс көлемі өдәуір ұлғаяды. МТС қамтытын көлхоздар тың және тыңайған жерлер игеру есебінен дәнді дақылдардан егіс көлемін екі есе ұлғайтады.

Өз еңбектерінің жоғары бағаланғанына жауап ретінде станцияның механизаторлары егіннің гектарынан 100 пұттан өнім алуға, жұмыстың барлық түрінен жоғары көрсеткіштерге жетуге және еліміздің МТС-тері арасындағы жарыста бірінші орынға шығуға уәде берді.

Тыңға аттануда

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Месквалықтардың патриоттық бастамасын Оңтүстік Қазақстанның жас шахтерлері, металлургтері, транспортшылары, құрылысшылары, текынамшылары қызу қарсы алды. 500-ден аса жігіттер мен қыздар жаңа жерлер игеруге аттану үшін комсомолдық жолдамалар алды.

Шымкент пен Ленгірдің еңбекшілері патриоттар отрядтарын облыста ұйымдастырылып жатқан астық шаруашылық табына шығарып салды. «Алабас» со-

шысы Борис Цвирко бар. Ол тың жерлер игерілетін аудандарда жұмыс істеуге көптен бері әзірленіп жүр еді. «Жаңа жерде,—дейді Борис Цвирко,—трактордың, немесе қандай да болса басқа техниканың жеткізілуін қол қусырып күтін отыруға болмайды. Онда құрылыстар салу, орынды мекенге айналдыру қажет. Сондықтан мен электрармен жұмыс істеуді үйрендім, бетон құюшының, шірінші қалаушының мамандығын меңгердім, ағаш шеберлігінің құралдарымен жұмыс


Қазақстанда күс шаруашылығын өркендету

Инкубаторлық күс шаруашылық станцияларының директорлары мен мамандарының екі күнге созылған республикалық кеңесі аяқталды. Кеңес өткен жылғы жұмыс қорытындылары және Қазақстан көлхоздарында 1955 жылғы күс шаруашылығын өркендетудің міндеттері туралы инкубаторлық станциялардың республикалық тресінің директоры Астафьев жолдастың баяндамасын талқылады.

Көзір республикада инкубаторлық 102 станция бар. Жамбыл облысының Жуалы инкубаторлық күс шаруашылық станциясында жұмыс жақсы жолға қойылған. Өткен жылы осы станция қамтытын көлхоздардағы күс саны екі еседен аса көбейді. Жұмыртқа инкубациялау және көлхоздарға балапан сату жоспары асыра орындалды. Станцияның коллективі көлхоздарда берік жемісін базасын жасау және күс қораларын сату жөнінде зор жұмыс жүргізіп келеді. Талдықорған облысының Үштөбе инкубаторлық станциясының директоры Бастриков жолдас, республикамыздың инкубаторлық күс шаруашылықты басқа да озат станцияларының қызметкерлері тәжірибелерін айтты.

Кеңес көлхоз күс шаруашылығын оған әрі өркендету жөнінде шаралар белгіледі. Үстіміздегі жылғы

САЙЛАУШЫЛАР ҮШІН



СУРЕТТЕ: Петропавлдағы А. И. Микоян атындағы ет-консерв комбинатының хор коллективі сайлаушылар алдында концерт беріп тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Көзір қаланың барлық мәдениет орындарында сайлаушыларды мәдениетті қамту кинофильмдер қызу жүргізілуде. Кітапханаларда, қызыл мүйістерде сайлауға арналған көрмелер ұйымдастырылып, лекциялар оқылуда, әртүрлі тақырыптарға арналған әңгімелер өткізілуде. Көптеген клубтардың көркемөнерпаздары сайлаушылар үшін қызықты концерттер дайындады. Шағын двигателдер заво-ды клубы мен теміржолшылар клубында және басқа өндіріс орындарының клубтарында сайлаушыларға арналған алғашқы концерттер берілді.

Сайлаушыларды, мәдениетті қамтуда әсіресе А. И. Микоян атындағы ет комбинаты клубының коллективі игілікті жұмыстар істеуде.

Клуб өткен жылы күрделі жөндеуден өткізілді. Зрительдер залы, үйірмелер жұмыс істейтін бөлмелер және фойелер қайтадан жабдықталды. Фойеде комбинат коллективінің еңбектегі табыстарын, озат адамдардың жұмыс әдістері мен таныстыратын сцендер, сайлауға арналған көрмелер қойылған. Әрбір кеш сайын арнаулы бөлмелерде үйірмелердің кезекті концерттерге әзірленіп жатқанын көруге болады. Мұнда 60 адамдық хор, духовой оркестр, драма, балет, көпшілік билері, баяншылар үйірмелері, шекті аспаптар оркестрі жұмыс істейді. Оларды арнаулы мамандықтары бар адамдар басқарады.

Үйірме жұмыстарына қажетті жабдықтар толық. Зрительдер залында жаңа кинофильмдер де үзбей көрсетіліп тұрады. Сол сияқты, жұмысшылар үшін лекциялар мен баяндамалар ұйымдастыру да дұрыс жүйеге келтірілген. Көзір клуб коллективі өзінің барлық жұмысын сайлаушыларды мәдениетті қамтуға бағыттаған. Олар сайлаушыларға арнап бір неше рет концерт беріп, лекциялар оқылуын ұйымдастырды.

...Клубтың кең фойесі сайлаушыларға лық толған. Духовой оркестрдің әсем сазды үні оларды бір орынға отырғызбай ортаға шығарып, бишілердің қатарына қосуда. Сағат 8-ді соққанда зрительдер залына шақырған қоңырау дауысы да естілді. Клуб көркемөнерпаздарының сайлаушыларға арнаған концерті басталды.

Сахнаға бірінші болып хор шықты. Барлығы біркелкі жінген 60 адам, 2 баяншы, скрипкашылар, флейташылар және басқа да музыкашылар, бар ойын шығарманың терең мазмұнын, оның өзіндік ерекшелігін тыңдаушыларға толық жеткізіп беруге бағытталған дирижер жұртшылықты бірден-ақ өзіне тартып алды.

Программаның бірінші номері композитор Новиковтың «Менің Отаным» атты әнін орындаумен басталды. Әнші Ким Калинин де, хордың басқа қатысушылары да Отанымыздың ұлылығын, еліміз-

дегі еңбек табыстарын жыр ететін бұл әнді үлкен шабытпен орындап берді. Бұдан кейін олар Родыгиннің «Орал рябинысы», Мураделидің «Россия мен Украина» әндерін, Кюссанның «Амур толқандары» атты вальсін де жақсы орындады.

Хордан кейін сахнаға әншілер мен бишілер кезек шығып, сайлаушыларға өз өнерлерін көрсете бастады. Әншілер Сапожникова «Адалдық», «Сүйікті Бухаресте», Тетяева «Алтын бидай», Калинин мен Кутяшина екеуі бірлесіп «Сен, достым, маған қарама» әндерін орындады. Ал комбинат жұмысшыларының балалары Шенен пен Фирулеваның «Уж я по лу-гу», композитор Чайковскийдің «Аққу көлі» балетіндегі кінкентай аққулардың биін орындауы, сол сыяқты баяншы А. Гамбургтың орындауындағы орыстың халық әндері тақырыптарына арналған вариацияларды жұртшылық құмарта тыңдады. Сайлаушылар үшін бұлардан басқа да көптеген әндер мен билер орындалып, совет жазушылары шығармаларынан үзінділер оқылды.

Қызықты концерт аяқталды. Бірақ сайлаушылар бірден тартап кеткен жоқ. Олар әлі де біраз уақыт би билеп, өзара қосылып ән шырқады. Ет комбинаты клубындағы мұндай кештер жиі өтіп тұрады. Оны ұйымдастырушыларға сайлаушылар өте риза болысып, алғыс айтуда.

Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ.

Пионерлердің үлгілі ісі

Дойбы жарысы

хозына 120 адам жүріп бетті. Бұлардың қатарында «Текстильстройдың» трактор

төтен аламын және жұмысшы қолы қай жерде мейлінше қажет болса сонда еңбек ететін боламын».

рында құстың саны бірнеше есе көбейіп, 5 миллионға жетеді.

(ҚазТАГ).

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ФИЛЬМДЕРІН КЕҢ ПАЙДАЛАНАЙЫҚ

Безір облысымыздың колхоздарында 3 жылдық агро-зоотехникалық курстардың оқуы қызу жүргізілуде. 6 мыңға жуық колхозшылар егіннен мол өнім алу және мал шаруашылығына онан әрі өркендетудің озат әдістерін үйренуде. Оның ішінде 4080 адам бірінші жыл оқыды.

Агро-зоотехникалық курстардың өткен жылдағы тәжірибесі тыңдаушыларға өтілетін программалық материалдармен тығыз байланыстыра отырып, ауылшаруашылық тақырыптарына арналған ғылыми-көпшілік фильмдерді көрсетудің, мұндай сеанстардың алдында мамандардың лекциялары мен баяндамаларын ұйымдастырудың зор маңызы бар екендігін көрсетті. Өйткені әрбір ғылыми-көпшілік фильм тыңдаушылардың материалдарды жете меңгеруіне, теориялық мәселелердің практика жүзінде қолданылуын көзбен көріп, жете түсінуіне көмектеседі.

Өткен жылы колхоздардағы агро-зоотехникалық курстарда мұндай фильмдер едәуір жақсы қолданылды. Бірақ ол кезде облыстық кинопрокаттың қолында ауылшаруашылық тақырыптарына арналған небары 18 фильм ғана болды. Ал оның көпшілігі егін шаруашылығына, тек 5 фильм мал шаруашылығына арналған еді. Мұның өзі көп реттерде тыңдаушылардың қажетін толық қанағаттандыра алмайтын. Үстемізіндегі жылы ауылшаруашылық тақырыбына арналған ғылыми фильмдердің қоры едәуір толықтырылды. Бездір облыстық кинопрокатта толық метражды 32 фильм, оның ішінде егін шаруашылығы, мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығын механикаландыру жөнінде көптеген ғылыми-көпшілік фильмдер бар. Сол сыяқты, бірінші қысқа метражды фильмдер де алдырылды.

Облыстық кинопрокат агро-зоотехникалық курстарда оқу жылы басталамстан ең бұрын облыстық ауылшаруашылық басқармасының ауыл шаруашылығын насихаттау бөлімімен бірлесіп отырып, ғылыми-көпшілік фильмдерді көрсетудің жоспарын жасады. Жоспарда фильмдердің бір орындарда жатып қалмауы, оның бір колхоздан екінші колхозға мезгілінде ауысып отыруы, соның нәтижесінде былай облыс бойынша жұмыс істейтін 187 агро-зоотехникалық, 172 зоотехникалық курстарды ғылыми-көпшілік фильмдермен толық қамтамасыз ету қарастырылды. Сол сыяқты жоспарда тыңдаушылармен қатар, басқа ауылшаруашылық еңбекшілеріне де ауылшаруашылық фильмдерін үнемі көрсетіп отыру белгіленді. Соның нәтижесінде облыстың бірінші аудан-

дық мәдениет бөлімдері өздерінің жылжымалы киноустановкалары арқылы мыңдаған ауыл-село еңбекшілерін ғылыми-көпшілік фильмдермен қамтуға жетісті. Мәселен, Приешім аудандық мәдениет бөлімінің киноустановкалары өткен жылдың ноябрь айында 1800, декабрь айында 3200 агро-зоотехникалық курстардың тыңдаушыларын қамтыды. Бұл сеанстардың көпшілігінің басталар алдында лекциялар оқытып, баяндамалар жасалды.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің арасында алдыңғы қатарлы агро-зоотехникалық және агро-зоотехникалық білімдерді кеңінен таратудың зор маңызы бар екенін еске ала отырып, үкіметіміз ғылыми-көпшілік фильмдерді көрсетуді ойдағыдай ұйымдастыру үшін көптеген шаралар белгіледі. Мәселен, әрбір көрсетілетін киносеанстың бағасы көркем фильмдердің бағасынан едәуір арзандатылған, оның зі колхоздың мәдениет қорындағы қаржыдан төленетін болады. Кино қызметкерлерінің ауылшаруашылық фильмдерін кеңінен көрсетуге ынтасын арттыру мақсатымен оларға әрбір көрсетілген сеанс үшін еңбек ақысынан басқа сыйлық ретінде қосымша ақы беріледі. Мұның барлығы да ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің өз білімдерін көтеруге деген ынтасын есепке алып, олардың тілектерін қанағаттандыруға бағытталған.

Ауыл-село еңбекшілеріне ғылыми-көпшілік фильмдерді көрсетуде Приешім аудандық мәдениет бөлімі табысты жұмыс істеп келеді. Аудандық мәдениет бөлімі агро-зоотехникалық оқу басталмай тұрып, барлық колхоздармен ауылшаруашылық фильмін көрсету жөнінде шарт жасасты. Соның нәтижесінде аудан киномеханиктері әрбір колхоз сайын көркем фильмдермен қатар ауыл шаруашылығы фильмдерін де үзбей көрсетіп отырады. Сол сыяқты бұл жұмыста Полудень аудандық мәдениет бөлімі де едәуір табыстарға ие болды. Осы ауданның «Илгиз революция» колхозы аудандық мәдениет бөлімімен ай сайын кем дегенде 3—4 ауылшаруашылық фильмдерін көрсетуге шарт жасасты. Бездір бұл колхозды қамтытын ауданның таңдаулы киномеханигі А. Оразалымов жолдас айына 3-4 түрлі фильмді сапалы түрде көрсетіп жүр. Әдетте бұл сеанстардың алдында ауыл шаруашылығы мамандары киноның мазмұнына байланысты тақырыптарға мазмұны лекциялар оқыды.

Дегенмен, облысымыздың кейбір басшылары агро-зоотехникалық курстарда ғылыми-көпшілік фильмдермен қамтамасыз

ету сыяқты маңызды мәселеге әлі де болса жете көңіл бөлмей отыр. Мәселен, Полудень ауданындағы ең ірі колхоздардың бірі Молотов атындағы колхоздың басқармасы (президенті Шипытский жолдас) ешбір себепсіз және колхозшылардың тілегімен санаспай ауылшаруашылық фильмдерін көрсетуге шарт жасасудан бас тартқан. Ал Қонохов ауданындағы жағдай мұнан да нашар. Бұл ауданның 17 колхозында 14 агро-зоотехникалық және зоотехникалық курстар жұмыс істейді. Аудандық мәдениет бөлімі соның ішінде ауыл шаруашылығы тақырыбына арналған фильмдер көрсету туралы небары 3 колхозбен ғана шарт жасасты. «Шұт пролетариатаға», «Жаңа тұрмыс», Ленин атындағы колхоздарда қыс айлары бойына бірде-бір ауыл шаруашылығы фильмдері көрсетілмеген.

Сол сыяқты, Ленин, Преснов аудандарының мәдениет бөлімдері және колхоз басшылары агро-зоотехникалық курстардың тыңдаушыларына ғылыми-көпшілік фильмдерді көрсету жұмыстарын екінші кезекке қалдырған. Облыстық кинопрокаттап жіберілген ауылшаруашылық фильмдері бірде-бір рет көрсетілмей аудандық мәдениет бөлімінде бірнеше ай бойы пайдаланусыз жатып қалады. Бұған бұл аудандардағы ауылшаруашылық мамандарының осындай маңызды мәселеге жете мән бермей, орын алған кемшіліктермен үнемі келісіп келе жатқандығы да үстеме себеп болуда.

Бездір білімді, маман колхоз кадрларын даярлауға, колхоз өндірісіне озат әдістерді батыл енгізуге барлық жағдайлар жасалып отырған кезде колхоз еңбекшілеріне ауылшаруашылық фильмдерін көрсету сыяқты маңызды мәселеге мән бермеушілікке мүлде жол беруге болмайды. Өйткені, әрбір жаңа ғылыми-көпшілік фильмдері ауыл шаруашылығы өнімдерін неғұрлым мол алуға бағытталып отырған ауылшаруашылық ғылымның насихаттауда үлкен үлес болып қосылады. Сол сыяқты агро-зоотехникалық курстарда сабақ беретін мамандар да өздерінің тыңдаушыларына ғылыми фильмдердің жиі көрсетілуіне атсалысып, аудандық мәдениет бөлімдерімен тығыз байланыс жасауға, оларға қажетті фильмдер жөнінде желел хабарлап отыруға тиіс. Аудандардағы партия, совет орындары бұл мәселеге үнемі жете көңіл бөліп, басшылық жауап отыруға міндетті.

М. АВЕРИН,

Облыстық кинопрокаттың директоры.

нөшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39; газет

(Петропавл ауданы) Олег Кошевой атындағы пионер дружинасы жақында ССРО Жоғарғы Советінің екінші сессиясына арналған жыйын өткізді. Жыйында мектеп оқытушылары СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы және ССРО Жоғарғы Советі сессиясының қарарлары туралы әңгімелер айтты. Одан кейін дружина Советінің президенті Нина Дрягина пионерлер туған колхоздарының шаруашылығын өркендетуге көмектесуге тиіс екендігін айтты және ол үшін қазірден бастап жергілікті тыңайтқыштар — азірлеуге белсене қатысайық деген ұсыныс енгізді. Бұл ұсынысты пионерлер қызу қолдады. Пионерлер өз күштерімен 4 тонна жергілікті тыңайтқыш, 12 мың шірінді шым, тезек құмыраларын дайындауға міндеттеніп, бұл жөнінде ауданның мектеп оқытушыларына үндеу қабылдады.

Д. ЯВОРСКИЙ.

Бір бригадала

Ленин ауданы Аманкелді атындағы колхоздың № 3 бригадасында көктемгі егіске азирлік жұмыстары қызу жүргізіліп келеді. Бригада әсеріне тұқым тазарту жұмысы ұйымшылдықпен жүргізілуде. Сөйтін мұнда қазірдің өзінде 1500 центнер астық тазартылды. Тұқым тазартуда К. Сейтенова, К. Төленина және Рақымжанова жолдастар үздік еңбектеніп келеді.

Бездір бригада көктемгі егіске қажетті ауылшаруашылық саймандарын жөндеу ісін қызу қолға алған. Бригада жөндеу жұмысын Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтері сайлауы күні қарсаңында аяқтап шығуға міндеттеніп отыр.

М. КӨБЕНОВ.

«Қазстройснабсытқа» кеңсе көне қойма үшін жалға алуға үйлер керек.

Жалға үй беремін деушілердің 4-26 телефон арқылы және «Қазстройснабсытқа» жазбаша хабарлауларына болады.

Петропавл элеваторына түпкілікті жұмысқа жұмысшылар, жүк тиеушілер, слесарьлар, электршілер керек.

Адрес: Осипенко көшесі, 5-үй, кадр бөлімі.

Петропавл қаласы, Клара Цеткин көшесі, 94-үйде тұрушы Александр Сергеевич Ахнин Петропавл қаласы, Панфилов көшесі, 2-үйде тұрушы Лидия Семеновна Ахнинадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

Петропавл қаласы, Комсомол көшесі, 46-үйде тұрушы Валентина Ивановна Буцуева, Владимир Константинович Буцуевтан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Солтүстік Қазақстан облыстық сотта қаралады.

митеті күшті дойбышылардың облыстық жарысын өткізді. Жарыс сегіз күнге созылды. Жарысқа қаланың және облыс аудандарының күшті дойбышылары катысты.

Шарың двигательдер зауытының мастери, 1953 жылғы республика бойынша дойбы чемпионы Брюховецкий 13 партияның 11-ін ұтып шықты. Бір партияны ұтқызды, ал, екіншісін теңе-тең аяқтады. Ол 11,5 ұпай алып, облыс чемпионы атағын жеңіп алды. Сондай-ақ, «Энергия» ерікті спорт қоғамының дойбышысы Шумейко да спорттың бұл түрі бойынша өзінің жақсы дойбышы екендігін байқатты. Шумейко жолдас тек жарыстың лидері Брюховецкийден ғана жеңіліп қалды.

Жартылай финалды шахмат жарысы

Облыстық шахмат турнирінің жартылай финалды жарысы болып өтті. Оған қаланың және облыс аудандарының күшті шахматшылары катысты. Жарысқа қатысушылар екі топқа бөлініп ойнады.

Бірінші топтың шахмат жарысында Паль (Қонохов ауданы) 11 ұпайдан 10,5 ұпай алып, бірінші орынға ие болды. Екінші орынды 8,5 ұпай алған Шваб (Булаев ауданы), ал үшінші орынды қала шахматшысы Омаров жеңіп алды.

Екінші топтың шахмат жарысында 9,5 ұпай алған Қарымсақов бірінші орынға, 9 ұпай алған Храбрый екінші орынға, ал, Алексютин үшінші орынға ие болды.

Жартылай финалды шахмат жарысына қатысқан шахматшылар Паль, Қарымсақов, Храбрый, Шваб, Алексютин, Омаров және Мамлютов ауданының шахматшысы Азегов жолдастар облыстық финалды шахмат жарысына қатысуға право алды. Бұл финалды жарысқа қаланың бірінші разрядшы шахматшылары да қатысады.

В. ЛЯПУНОВ
Жарыстың бас төрешісі.

ТҮЗЕТУ

Газетіміздің осы жылғы 11 февральдағы номерінде, 4-бетте, үшінші колонкадағы үшінші хабардың заголовогы: «Индонезияда отарлық тәртіттің қалдықтарын құрту жолындағы қозғалыс» деп оқылсын.

Сол беттегі «Орынды сыға жеңіл-желпі қарайтындар туралы» деген атпен жарияланған мақалада жоғарыдан төмен қарай санағанда 25-жолдан баста-

латын сөйлем «Өндіріс кәсіпорындағында, ауыл шаруашылығында советтік сауда және басқа совет мекемелерінде болған кемшіліктердің бетін ашып, оны жоюға» деп, одан әрі текст бойынша оқылсын.

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» кинотеатрында

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«АДАЛДЫҚҚА СЫН»

«ШИПКАНЫҢ БАТЫРЛАРЫ»

Сеанстар сағат 5, 7, 9, 11-де басталады.

Сеанстар сағат 5, 7, 9, 11-де басталады.

ССРО ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМЫНА (1953 ЖЫЛ ШЫҒУЫ) ЖАЗЫЛУШЫЛАРДЫҢ ЕСІНЕ

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік заемін (1953 жыл шығуы) тарату шарттарына сәйкес бұл заемнің облигацияларын иелеріне табыс ету мерзімі 1955 жылғы 31 мартта аяқталады.

Облигацияларын дерезінде алмағандар облигацияларын өздері заемға жазылған жерлеріндегі орталық жыйнақ кассаларынан алулары керек.

Облигацияларын алу үшін заемға жазылушылардың қолында төлеген заем жарналарының сомасы туралы кәсіпорынан немесе мекемеден алған анықтамасы, ал заемға жазылушы шаруалардың қолында № 52 үлгі болуға тиіс.

1955 жылғы 1 апрельден кейін заемға жазылушылар бұл заемнің облигацияларын алу правосынан айрылады.

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемінің (1953 жыл шығуы) 3-тиражы 1955 жылғы 20 мартта, Қостанай қаласында өткізіледі.

Облыстық жыйнақ кассалары басқармасы.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет тұрмыс,